

# ПИОНЕР

Июль 1956 жыл № 7-10  
АЛМАТЫ








# ПИОНЕР

№ 7  
ИЮЛЬ  
1956 ж.

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 18 жыл.



## ЖОРЫҚТА

... Мыйдай жазық дала. Көз ұшында сағым ойнап, бұлдыр қағады. Ашық аспанда еркін жүзген күн өз сәулесін жерге себелеп, даңғыл асфальт жол үсті айнадай жарқылдайды. Ал, шыңдарымен көк сүзіп созыла жатқан тау, осы кең даланың қатталған шымылдығы дерсің. Сырып жіберсең ар жағында көрушінің назарын тартарлық декорация ашылғандай. Жайқалған астық, қырмызы жайлау, қаптаған мал, жасыл желекке көмкерілген село. Қайраттың көз алдына осы көрініс келді. Оның қыялы кең даладай көсіліп, бойын тәтті бір сезім билеп, ойы өзі

мініп келе жатқан мотоциклден оза заулағандай.

Әлгінде ғана Ұзынағаш селосында еңбек озаттарымен кездесіп, өз өнерлерін көрсеткен еді. Ол араның көрінісі де басқаша еді. Енді, екінші бір көрініске тап болды. Анда-санда жол мастерлерінің үйлері кездесіп қалғаны болмаса, шуы мол село көрінбейді. Жер бедерінің реңі де құбылып, дөңгелеп бауырыңа кіріп, қайта шыйратыла барып керіле түседі.

Қайрат мотоциклдің шапшаңдығын өсірді де, ұзақырап кеткен бір топты қуып жетті.

Обязан...



Бұл топта келе жатқан орта жастарға келген, жылы жүзді адам:

— Қайрат, шаршаған жоқсың ба? — деді қатарласа берген Қайратқа бұрыла дауыстап.

— Жок.

Қалайша шаршамақ? Осы жорыққа ол, тек жалғыз ол ғана ма, мына келе жатқан өзі секілді 30 оқушы да, ал анау екі машинада келе жатқан әншілер мен бишілер де ерте-ақ әзірленді емес пе. Енді, Қайрат Елеубаевтың көз алдына қызулы да, қызық сол бір күндер келді.

... Февраль айының соңғы күндері. Алматы пионерлер үйінің мотоциклшілер үйірмесіне қатынасушылар жаз туралы әңгіме қозғады. Алғаш жәй айтылып жүрді де, кейіннен басталған сөз әрмен өрбіп, жаңа бір жемісті ойдың өзегі тартылды. Ақыры, «Алысқа жорыққа шығайық», — деген түйінге келіп тіреліп, нық түйілді. Оған үйірме жетекшісі Иван Александрович Беляев та қарсы болған жоқ. Тек:

— Мұндай сапарға әзірлік керек, — деді.

Қандай әзірлік керек? Мотоциклді әрқайсысы жүргізе алады. Қазір жолға шығамыз десе де дайын. Бөгелмей-ақ сонау солтүстікке де тартар еді. Қажет ұсақ-түйекті тауып алу да оңай ма? Иван Александровичтың сөзінен кейін кейбіреулерге, оның ішінде Қайратқа осындай ой келіп қалды. Өйтсе де ұшқары ойдың негізсіз екенін бұлар көп ұзамай-ақ түсінді де. Бірде Иван Александрович:

— Жорыққа шығамыз дегеніміз дұрыс қой. Әйтседе соның маршруты белгілі ме?

Бұл сұрақ балаларды еріксіз ойландырды. Ия, қайда бармақ.

Ал, жорық маршрутын белгілеу оңай емес екен. Мұнда ұсақ деген нәрселердің өзін алдын-ала ескеру қажет. Үйірме мүшелері жорықта Ташкентке дейін баруға ұйғарғанмен, соған сол февраль айының соңғы күндерінен бастап алғаш

баяу, сонан соң бірте-бірте қарқынды әзірлік басталды.

Ташкентке дейін жолда талай қалалар мен селолардан, совхоздар мен колхоздардан өтеді. Мұнда кездесулер де болмай қалмайды. Жорықтың қызықты болуы да осында ғой. Ал, бұл кездесулерде, әрине өз өнеріңді де көрсетуің керек.

Енді үйірме мүшелері мотоциклді жете игере түсумен қоса, би, тақпақтар да үйрене бастады. Юра Степановтың пьеса әзірлейік деген ұсынысы да аяқсыз қалған жоқ. Бұлар әзірлеуге «Наташа Соколованың күнделігі» деген пьесаны алды. Пьесаға әзірлік жұмысын тәжірибелі мұғалім Михаил Борисович Озовский басқарды. Үйірме мүшесі Люда Цигаль мен Валя Юрицкая басты рольдерді ойнауға бөлінді. Енді, ойыншыларға костюм керек. Мұны шешуде пионерлер үйіндегі іскерлер көмекке келді. Тіпті, жорыққа қатысатын Валя Озерова да тігіншілікке үйрене бастады.

Үйірмедегі Вова Ходоновский, Женя Еланцев, Геня Макушкиндердің жақсы әнші, әрі биші екенін кім білген? Енді, бұлар да дайындыққа кірісті.

Бұл әзірліктің бір жағы ғана. Жорық кезінде коллекция мен гербарий неге жыйнамасқа? Ал, оған аспаптар, жәшік, папкалар керек қой. Міне, Эдик Либин Юра Ходик секілді жас шеберлердің іскерлігі осында байқалды.

Жорық, дегенде Қайрат Елеубаев мұндай істер болады деп ойламаған еді. Енді сол қызу әзірлікке өзі де кірісіп кетті. Ол жол-жәнекей күнделік жүргізуге әзірленді. Валерий Водопьянов, Ескендір Мусин, тіпті, агротехникамен де шұғылдан бастады.

— Біз егіс даласында боламыз. Онда колхозшыларға неге жәрдемдеспеске! — десті олар.

Сөйтіп, маршрутқа тағы бір пункт енгізілді. Ол — Луговой ауданы колхоздарына қолқабыс жасау...





Міне, осының бәрі қазір Қайраттың көз алдынан тізбектесе өтті. Ол ғана ма, тіпті, осы әзірлік үстінде Қайрат сурет салуға үйреніп алды, мына мотоциклді заулатып келе жатқан Юраның мойнындағы фотоаппарат оның неге үйренгенінің айғағы емес пе?

... Асфальт жол құлдылап сайға түсті. Әлгібір шаңғытып жатқан сортаң дала артта қалып, табиғаттың жаңа көрінісі көз алдына келді. Құзар тас, мөлдір бұлақ, терең сай... Жол өрге өрмеледі, жел лебі қатая түсті.

— Бұл — атақты Қордай асуы еді. Осы асуға жорықшылар тағы да тоқтады. Тау көрінісі Қайратқа өзгеше көрінді. Алатау секілді шырша, қарағайлары да жоқ. Буырқанған тасқынды өзені де жоқ.

Жар қыяға өрмелеген балалар көп ұзамай-ақ құшақтарын толтыра «олжамен» қайтты.

— Міне, мынаны қараңдар! — деді шаттана айғайлаған Эдик шашақты есімдікті желкілдете көтеріп. — Бұл не, білесіңдер ме?

Балалар оны қаумалай қалысты. «Айтпақшы, бұл не?»

— Еһ, білмейсіңдер ме, — деді Эдик балаларға. — Бұл адыраспан ғой. Мұнан дәрі-дәрмек жасайды.

— Ал, мынау не?

— Е, бұл тобылғы емес пе.

— Ия, тобылғы. Ал, осы неліктен құрамаған. Қалың тастың ортасында қалай шығып тұр?

Әркім өз «олжаларын» осылайша сұраулармен таныстырды. Ал, жол-жөнекей мұндай сұраулар қаншама болды десеңші. Отар даласында сор жерлер жиі кесдесті. Оның мәнін де білу керек. Жамантының сайындағы ыстық бұлақ та назардан тыс қалмаған. Оның суын бірнеше бетелкеге құйып та алды. Қайтып келгенде зерттейді. Тіпті, Қордай асуының шыға берісін неліктен «Боранды», — деп атайды. Оны да біліп, жазып алу керек. Ал, түрлі-түрлі тастар ше? Жер бедерінің өзгеруі ше? Ол-ол ма, әлгінде таудан өтіп, асуын асып басына шығып еді, енді көз алдарында кішкентай адырлы кең жазық ашылды.

Шынында да тау шымылдық екен. Нағыз декорацияны Қайрат енді көрді. Жайқалған сары астық, жайылған мал. Алыстан жасыл ағаш жамылған село үйлері көрінеді. Қайрат қағаз бетіне осы көріністің эскизін сызып алды. Ал, Юра суретке түсірді.

Бұлар Қордай ауданының орталығы — Георгиевка селосына күн бата жетті. Село пионерлерімен қуанышты кездесуден соң, олар Шу өзенінің жағасына келді.

Тағы да суретке сурет, гербарийге гербарий, коллекцияға жаңа коллекция келіп қосылды.

Ертең олар Фрунзеде болады. Ал, сонан соң... Жорықты жаңа бастады емес пе, Ташкентке дейін бұларды талай қызықтар қарсы алмай ма.

*С. Сарғасқиев.*

## Өкініш

*Әңгіме*

«Осы менің-ақ жолым онғарылмай қойды. Өзгені бакыты алдынан тосып тұрады» деп мұңая ойлады, жасы жыйымаларға енді ғана толған, дені сап-сау, кескіні де әп-әдемі Мәлімбаев Тоқтар дейтін жас жігіт. Өзі бір ата-ананың әлпештеген жалғызы. Бұл туғанда әке-шешесі қандайлық қуанып еді! Алдыңғы балалары тұрмай келген ата-ана осы кенжесінің ғұмыры ұзақ болуын тілеп, ескі ғұрыптан дәме ғып, ұлының есімін Тоқтар қойып еді. Енді баласы есейген шағында «Тілегіміз қабыл болды, бұл ұрпағым тоқтады» — деп әкесі ішінен шүкірлік етіп жүретін. Тоқтардың ата-анасы діни наным-сенімдерден әлі арыла қоймаған, бірақ ниеті түзу, көңілі ақ, адал жандар. Жалғыз ұлының ер жетіп, жақсы азамат болуын, пәтуәлі қызмет етуін жақсы үмітпен күткен. Әйткенмен сон-

ғы бірер жылда олардың көңілдеріне күдік оралғандай. Әкесінің әл-ауқаты, дәулеті ешкімнен кем емес. Меншікті малы да, астығы мен ақшасы да мол. Әке-шешенің жанына бататын бір ғана дерт — осы жалғыз баласының жолы болмай, құтты орынға қонақтай алмай келе жатқандығы. Мейлі Тоқтары өмірбақый жас нәресте күйінде болып, ата-анасының алдында жөргекте ораулы отырып, олардың ырысын еме берсін. Жалғыз оның бүкіл ғұмырына жетер азығын әке жыйып бере алады. Бірақ, қадірлі ұлы өзінің қанаттас қатар құрбыларынан көш кейін қалып қоймасын. Әке осыны ғана ойлайды. Ал, баласының ойы бөлек.

Тоқтар онжылдықты бітірген жылы зан институтына түспек болып Алматыға тартқан. Өзінің есіл-дерті прокурор боп, екі ны-





ғына жарқыратып пагон іліп шыға келу еді. Сонда бұдан кейбіреулер ығысып қалғанда:

— О, азамат, жасқанбаңыз. Совет заңы нақақтан ешкімді күйдірмейді. Біз әділдігін айтамыз,— десе прокурор Тоқтар.

«Әй шіркін, прокурорлыққа қолым бір жетсе, жуликтердің сазайын мықтап тартқызар едім-ау»—деп Тоқтар оныншы класта оқып жүрген кезінде талай бір тәтті қыялдың құшағына енуші еді. Заң институтына түсу үшін қабылдау емтиханын тапсырғанда, орта мектепті жығылып-сүрініп әрең бітірген ол конкурстен өтпей қалды. Емтихан алған доцентке, институт директорына алыстағы ауылдан келгенін, әке-шешесі қартаң кісілер екенін және өзінен басқа сенер баласы жоғын айтып, мұңын шағып көріп еді, ештеңе шықпады. «Институтқа емтиханды үздік тапсырғандарды ғана іріктеп аламыз»—деген сөзді естіді. Қабылдау комиссиясы Тоқтарға документтерін қайтарып берді. Ендігі амалы нешік? Оқуға түсе алмай, ауылға қайтып барғаннан жаман нәрсе жоқ (Тоқтар конкурстен өте алмағанын емес, үйіне қайтып баруын намыс көрді). Ол әйтеуір бір институтқа түсуді ойлады. Екі күндей әрлі-берлі сабылып байқап еді, жоғары оқу орнының бәрінде де қабылдау комиссиясының қортындысы шығып қалыпты. Өзі секілді емтиханда екшеліп қалған бір серіктер тауып, Тоқтар біраз күн соларға ілесіп сабылды. Техникумдар мен арнаулы училищелерге бір-бір бас сұғып шықты. Бәрінде де басы артық орын жоқ. Тоқтардың серіктері селдірей бастады: кейбірі амалы таусылып үйлеріне қайтса, қайсы бірі кері қайтуды намыс көріп, әйтеуір бір кез келген жұмысқа тұрып қалды. Тоқтар үйіне телеграмма жолдап, қыруар ақша алдыртты, не де болса, ақырын күтті.



«Жұрт аяғы басылар, оқу басталған күнде де кейбір қаражаты жоқтар шыдамай кетіп қалар, соның бірінің орнына ілігіп кетермін»,—деп үміттенді ол.

Сентябрь туды, үміті болмады. Октябрь туды, үміті болмады... Лажы қалмай, Тоқтар үйге қайтты.

— Орта мектептегідей емес, институттың сабағы ауыр болады екен. Денсаулығым кө-

термейтінім білдім. Алматының білгір бір дәрігеріне қаралғанымда, қаның аз, ауруға шалдығасың деген соң, оқуды тастап кетуге тура келді,— деді ол жөнін сұрағандарға мұңды пішінмен.

Әке-шешесі де, жақын көршілері де бұл сөзге иланып, «Келгенің тәуір болған, адамға ең қымбаты денсаулық қой, оқу қайда қашар дейсің... Басың әлі жас» десіп көңіл жұбатты.

Сонымен арада ай өтті... Жыл өтті. Тоқтар «Бұрау басын сындырмай» үйінде бос жүрді. Сылтау көбейді. Бұрын темекіні үйішінен жасырып тартып жүруші еді. Енді есейіп қалғанын көрсеткісі келгендей, әкешешенің көзінше сояудай шылымды тісінің арасына қысып, көк түтінді будақтатып болды. «Темекі ысы көкірегіңе жаман ғой»,—деп күдіктенген әкесіне: «Жоқ, көке, шылым тарту кісінің көңілін жадыратып, қанының толығына себепші болады»—деп дәлел тапты. Әкесі езу тартып, басын шайқайды да: «Көк түтіннің де бір қасиеті болғаны ғой, сірә. Әйтпесе, сыпыра жұрт неге шылым тартады?.. Осы балам бірдемені білетін шығар»—деп сабыр тұтып қалды.

Бір күні Тоқтар әкесіне.

— Тек жүргенше бір қызмет істеп, ақша тапқым келеді—деп ниет білдірді.

— Он екі ай аунап-қунадың ғой, қарағым. Тең құрбыңнан қалмағаның жақсы. Әйтпесе, күн көрісіміз ешкімнен де кем емес. Қызмет етсең, ысыласың. Өзің адам боласың,—деп қуанып қалды әкесі.

— Ауданға барып, бір жайлы қызмет іздестірсем... Ауылда шеті көрініп тұрған ештеңе жоқ,— деді Тоқтар.

— Мейлің,— деді әкесі.



Тоқтар заң институтына түсе алмаса да, прокурорлықтан дәмесі зор. Аудандық заң орындарының біріндегі, кіші-гірім болса да, бір жұмысқа ілігіп кетсе, бара-бара ірі боп шығуы мүмкін ғой. Ауданға келісімен Тоқтар сот мекемесіне барды. Хатшылық орынның бос екенін білді. Араға біреулерді салып өйтіп-бүйтіп, әйтеуір, сол қызметке қолы ілікті. Қажетті документтерін реттеп тапсырып, бір аптадан соң соттың хатшылық қызметіне кірісті. Өзіне жеке стол, жеке орындық тиді. Оңаша бөлмеде жалғыз отыратын болды. Келген адам сырттан есік қағып кіреді. «Да, кіріңіз»,—деп дауыстайды Тоқтар. Біреуге жөн сілтеп, біреуге ақыл айтып жібереді. Көңіл көтеріңкі. «Өзім дәй болдым ғой... Асықпасаңыз, екі-үш жылда Тоқтардың прокурор, не сот боп шіреніп отырғанын көресіз!»

Тоқтардың атағы өз ауылына да дүңк-дүңк етіп жатты. Кейбір жаңғалақтар оны: «Ойбай, біздің Тоқтардың несін айтасын, өсті ғой ол! Бүкіл ауданда оның әмірі жүрмейтін кісі жоқ. Жуырда бір ұрының ісін қарағанда, сақалын сапсыйтып өзінің әкесін де қуаға шақыртыпты»,—деп қырық саққа жүгіртті. Осы сөздер сыпсындап хатшы жігіттің де құлағына шалынып жатты. Тоқтар оңашада жымың қағып, иығын селт еткізіп қояды. Бөлмесіне біреу кірсе, қабағын түйіп сөйлейді. Ауданға келген сапарында мұның амандығын білгелі әдейі бұрылып келіп жолыққан ауылдас құрбысына да жылы ұшырамады. «Ие, бұл нағыз прокурор болуға лайық



екен»—деп ойлап кетті құрдасы. Баласының тыянақты қызмет атқарып жүргеніне ата-ана да қуанды. Бірақ, не керек бұл қуаныштың ғұмыры қысқа болды.

Қызметке тұрғанына толық бір ай, бес күн дегенде Тоқтар салы суға кетіп, чемоданын арқалап, өз үйінің табалдырығынан қайта аттады. «Бір ай сынақпен хатшылық қызметке алынсын»—деген пәлесі бар екен, мерзімі толған күні «қолынан іс келмеді» деген бір жапырақ қағазды ұстатыпты да қоя беріпті.

— Өзі бір шатақ іс екен. Осы бір айда-ақ басым мәңгіріп қалды. Сен соққан балықтаймын,—деді Тоқтар мұңын шағып.

— Қылмысты аударып-төңкеріп тергеу қайда оңай жұмыс болсын. Әу баста килікпейтін-ақ шаруаң еді... Өзіңнің аман қалғаныңа шүкір... Көзің шүңірейіп, тіпті жүдеп кетіпсің,—деп әке-шеше аяныш білдірді.

Тоқтар тағы да бұрынғы күйіне түсті. Сау адамның асын ішіп, ауру адамның қылығына түскен. Ерте жатып, кеш тұрады. Көңілі қаласа күндіз сейіл құрады. Бірде аңға шығуға зауқы соғады. Жалғыз шүрегей бұйырмай, қара кешке дейін құр салбырады. Ол жаз күні атпен серуен жасауға әуес. Қыста аяғына шаңғы яки коньки байлап, ауыл маңында, өзінен жасы кіші балалар ортасында, көбірек далаң қарады. Ал, күн артынан күн зырлап, уақыт босқа өтіп жатты. Ауылда жұмыс көп-ақ. Адал ниетпен еңбек етсе, адамды аброй-даңққа бөлейтін сая сала істер бар. Осының тым болмаса бірі Тоқтардың көңіліне консайшы. Ол қашанғы сенделе береді? Мысқылмен іліп-қағушылары да көбейе бастады. Көзге күйік болды деген осы ма?!

Тоқтардың әкесі ферманың сыйырын бағатын қарт адам. Оны бүкіл ауыл қадірлейді, жақсы көреді, қошемет көрсетеді. Бұл құрметке ол қарапайым еңбегімен бөленген. Қарап жүргенше, осындай бір іске Тоқтар қолын іліктіріп көрсе қайтеді?

«Оңжылдықты бітіріп, бақташы бопты деп ешкім сөге қоймас. Әкеме ілесіп сыйыр бағып көрейінші. Орта мектепті бітіріп шопан боп жүргендер аз ба?»

Көктем туып, жер құлпырып қалған кез еді. Тоқтар осы ойын әкесіне айтып отырды. Әке баласының ниетін қуанып құптады.

— Солай шырағым, бірақ малшы адамға үлкен төзім керек,—деді әке.



Қайда барса да осы бір «төзім» дегені алдынан шыға беретін болды-ау. Тоқтар мектепте оқып жүрген кезінде де «Оқуды жақсы үлгіру үшін төзім керек» — деп мұғалімі бір, сабақтастары бір мұның құлағының етін жеп, өзін әбден мезі ғып еді. «Ой мейлі, айта берсін, өз ақылы өзіне», — деп ол күнк етіп қалатын еді. Ал, бұл жолы Тоқтар үндемеді. Қабағын шытып, әке ақылын жақтырмай қалды.

Малшылар қосы ауылдан шалғай жайлауда болатын. Сауын сыйырлардан бір бөлек бағылатын тана-торпақтарды күндізгі өріске Тоқтар шығаратын болды.

Жас бақташының әуелгі күні көңілді өтті. Күн шуақ болды. Аспанда қалықтап тұрып бозша торғай шырылдап ән салады. Нелер бір әдемі дауысты құстар оған үн қосады. Дала ән мен күйге бөленгендей. Қыр гүлдерінің аңқыған хош иісі мұрынға келді. «Бүкіл төңірекке жұпар шашып қойғандай» — деп рақаттанды Тоқтар. Жамырай жайылып малы жүр. Тоқтар ат үстінде отырып көз қыдыртып қарайды. Шаңқай түсте атын тұсап қойып, бір ағаштың көлеңкесінде жайланып отырып, үйден орап алып шыққан етін жеп, тобатайдағы қымызын ішті. Осыдан соң көсіліп дем алды.

— Дүниедегі рақат жұмыс мал бағу екен ғой, — деп көңілдене сөйледі ол, сол күні кеште қос басына оралған әкесіне.

Біреп күннен кейін аспанды бұлт бүркеп, сіркіреп жанбыр жауды. Тоқтар жылы киініп, өріске малды өзгемен қатар айдап кетіп еді. Кеш батпай ерте оралды. Өзіне су өтіп, қалшылдап тоңып келді. Алып шыққан тамағын да іше алмапты.

Ол киімдерінің суын бұрап сығып отырып жаңбырға кейіді. Бірақ келесі күні де аспан айықпады, ақ жауын себеледі де тұрды. Лажы жоқ Тоқтар жылы фуфайканың сыртынан брезент сулық киіп, көңілі жабырқау, амалсыз атқа қонды.

Ол жауынға әбден малшынып, киім ауыстырып жылынып қайтқалы түс ауа қосқа қайтып оралды. Су сіңіп сіресіп қалған мал сулығымен иліге алмай, атынан әрең түсті.

— Тұу, жауынды күні мал баққан деген қып-қызыл сор екен өзі, — деп кейіп кірді қосқа.

Ол шекпенін, фуфайкасын шешіп, енді орныға бергенде сырттан дүрсілдетіп кеп тоқтаған салтатты әкесі:

— Ау, Тоқтар, бермен шық! — деп дауыстады. Оның мұнда отырғанын есік алдында



қантарулы тұрған құлатөбел аттан андаған болу керек. Тоқтар күйбендеп тысқа шыққанша әкесі: «Малынды егінге түскен жерінен қайырып тастадым. Дереу жет. Дәндеген мал егінге тағы барады... Мұнда отырғаны несі омалып» — деді де жөнеліп кетті.

Тоқтар сірескен сулы шекпенді қайта киіп, асығыста белбеуін орнында ұмыт қалдырып, құла атты шаужайлап, өрістегі малына қарай далбаңдап шаба жөнелді. Қолынан қамшысын түсіріп алып кері бұрылды. Қалың киіммен қорбаңдап, жолынан едәуір бөгеліп қалды...

Сол күні Тоқтардың әбден зықысы шықты. Бұл барғанда малдың алды егінге тағы да жетіп қалған еді. Қайыру бермей, жамырай қашып көп сабылтты. Тоқтар ызаланды да көзінен ыршып жас та шығып кетті. Діңкесі құрып, өлдім-талдым дегенде, малды әзер деп жөнге бұрды. Бүкіл киіміне су өтті «Құрысын бұл жұмысы... Бұл бейнетті енді қайтып көрмеспін», — деп түңілді Тоқтар.

Ертеңіне ол «Мұндай ауыр жұмысқа ден саулығым жарамайды» — деп сылтау айтқанда, әкесі оған:

— Жоқ Тоқтар! Енді жетті. Сен малды бағасың, мен малды бақтырмамын. Сенің төзімің жетпесе, әкең саған жәрдемдеседі. Мұнан өзге саған жол жоқ, — деп келте жауап берді.

Тоқтар да үнсіз отырып қалды.

*Н. Ғабдуллин*



# Қырағылық

Әңгіме



Ақан Ертіс жағалауында туып, бар балалық шағын сонда өткізген. Әскер қатарына алынғанда да Сибирьдің бір қаласында офицер даярлайтын училищеде оқыды. Оны бітірісімен үкімет оған зор сенім көрсетіп, сүйікті Отанынан тыс жерге, Герман демократиялық республикасы аймағына, бейбітшілікті қорғау қызметіне жіберді.

Ол өз республикасының астанасын өмірінде көрген жоқ-ты. Сондықтан алғашқы демалысын Алматыда өткізуге ұшып келеді. Москвадан кеше шыққан оны, міне, бүгін Қазақстанның ауа кеңістігі қоршады.

Ол вокзалға кірмес бұрын чемоданын жерге қойып жан-жағына қарады. Бұрын көрмесе де көп естігенінен бе, ол Алатаудың қарлы шыңына қарап жымыйып күлді. Таныс сыяқты. Ойы қалаға такси жалдап бару еді. Вокзалдың қала жағына шыққанда олардың бір де бірі көрінбеді. «Тәрізі менен бұрын шыққандар мініп кеткен ғой»,— деп ойлап, чемоданын көлеңкедегі ұзын орындық үстіне әкеп қойды да, фуражкасын қолына алып, айнала көз салды. Анадай тұрған су сататын дүкеннен басқа ештеңе көрінбеді. Самолет ішінде сусағаны, қазір де ернінің кеуіп тұрғаны есіне түсіп, солай қарай бет алды.

Дүкен алдында ұсақ ақшасын қолына ұс-

тап, дөңгелек бетті, қызыл галстукті, таңқы мұрын бала тұрды. Ол жанына келіп қалған офицерге сыпайылықпен жол беріп, өткір қара көзін түйрей қызыға қарап тұр. Офицер екі стакан суды қатарымен ішті де ауызын орамалмен сүртіп жатып төс қалтасынан қағаз ақша алып сатушыға ұсынды.

— Мұныңыз не?, — деді бөтен елдің ақшасын алғысы келмеген сатушы, таңдана қарап.

— Ой, ғапу етіңіз,— деп Ақан кешірім сұрады да, екінші қалтасынан совет ақшасын алып берді.

Бұрылғанында бала жанында көрінбеді. Ақан «су іше алмады-ау» деп ол туралы дүркін ойлады да сол сәтте ұмытты. Чемоданының жанына келіп такси күтті. Екі көзі Алатаудың басында, тіпті қарап тояр емес. Кенет артынан:

— Документіңізді көруге рұқсат етіңіз, жолдас лейтенант! — деген дауыс естіп бұрылса, оң қолын шекесіне ұстап, ақ кительді милиция офицері тұр екен. Оның жанында әлгі пионер де бар.

Ақан оған документін берді. Милиция офицері шұқия әбден қарады да.

— Кешірерсіз!,— деп честь беріп, кетіп қалды.

— Не үшін? — деп өзінен өзі таңданып қалды Ақан, сонда оның көзіне су дүкенінде кездескен бала елестеді. Ақан маңа неміс ақшасын көрсеткеннен кейін ол ғайып болған-ды. «Міне, неңмен қарсы алдың астанам» деп ойлап ол сүйсіне күлді де балаға келді. Оның екі білегінен ұстап өзіне бұрып, көзіне көзін қадай қарады. Бала да оған көзін жүгіртіп жымыйды.— Рақмет інішегім әрқашан да осылай қырағы бол! — деп Ақан оны құштарлана сілкіп қалды.

Офицердің алғысына жауап бергендей пионер де қолын басынан асыра көтерді.

К. Исабаев.







# Жалпақты оқыға

Әңгіме

Мен онда үшінші класта оқыйтын едім. Қысқы каникул кезі. Қалада тұратын бір немере ағайымдікіне қонаққа барып жаттым. Каникул аяқталуға жақындағанда сол үйге өзіміздің «Жаңа жол» колхозынан екі кісі келді. Біреуі — біздің үймен көршілес тұратын ұзын бойлы, қою сақал, мұртын ақ шала бастаған Жәнібек атай да, екіншісі — қара мұрты аузына төніп тұратын, дембелше отыздар шамасындағы қара жігіт Жаппас екен. Олар аудандық бір мекемеге пар өгіз шанасымен шөп әкеліпті. Әкем мені «қалдырмай ала келіңдер» деген соң, ерте кетуге келген. Жылы киімдер де беріп жіберіпті үй...

Қаладан біз ертеңінде қанша асыққанымызбен, қыстың қысқа күнінде түске таман әзер шықтық. Күн шаңғытқан аяз. Өгіз шананың темір шегеленбеген жалпақ табандары қақ жолда сыпсып сықырлай сырғанады. Танауларынан будақтаған демдері сүңгі боп қатып, үсті-бастары қырауытқан өгіздер жарма ағашты сықырлата, теңселе басып жай аяңдайды. Жәнібек атай мен Жаппас сақал-мұрттарына сүңгі мұз тұрып аппақ болған, өзара әңгімелесіп келеді. Ал мен

болсам, тоңбауды ойлап бет-аузымды тұмшалап орап алғанмын, жылтырап көзім ғана көрінеді. Арқамды желдің өтіне бере, екеуінің арасына сыналай тығылыса отырып алғанмын. Керенау артқа жылжып қалып жатқан аппақ далаға, шатынап құлақтанып үлкейе түскен сарғылт күнге құштарлана қараймын.

Біз орта жолдан асып «Балықты» көлінің деңгейіне иек артқанда, батыс жақ күреңітіп күн еңкейіп қалды. Өгіздердің ұзақ жолда мандымайтын ілбу жүрісіне менің ішім пысуға айналды. Анда-санда ұзын қамшысын үйіре шарт еткізіп, «соп-соба» лап отырған Жаппас бір кезде кенеттен:

— Жәке, ана қасқырларды қараңыз, — деді, Жәнібек атайға алдыңғы жақты нұсқап.

Қасқыр дегенде ес қалмайтын балалық ынтызарлықпен мен, қалың киіміммен қорбаңдап әрең дегенде, Жаппас нұсқаған жаққа қараймын. Ілгеріректе жолдың сол жағында бұдан екі-үш жыл бұрынғы егін жайдың орнына шыққан жалпақ және селдір ермен көрінді, сол ерменнің ішімен жолға қарай бір қасқыр жортып келеді.

— Тышқаншылап жүр ме өзі? — деді Жаппас.



пас қасқырдың ерменді олай да, бұлай да кезгеніне қарап.

— Жоқ, мұның жүрісі ересен...— деп күдіктене сөйлеген Жәнібек атай тоқтап қалды да іле: — Әп, бәсе... айттым ғой! — деді. Сүйсінгені ме, болмаса қасқырлардың сырын тез аңғарғандығынан ба, әйтеуір көтеріңкі шықты үні.— Ой-пой-пой, жендеттеріңнің айласын-ай! Ерменнің бас жағына көз салшы... Бұлар қоянды да қағады екен-ау!..

Жәнібек атай сөзін жалғыз Жаппасқа ғана арнай айтып мені елемегеніне жәбірлене қалсам да, шеті жолға он-он бес метрдей таяп келіп сарқылатын ерменнің бас жағына мен де көз жібердім. Сіреу қардың үстіндегі болмашы үйіндінің арасынан бір қасқырдың басы қылтыйып, жоны болар-болмас қарауытады. Ол тұмсығын ілгері созып тыпыр етпей жатыр, жуықтап келе жатқан бізден сескенер де түрі жоқ... Сөйткенше болмай, «ах, өне шығарды» деген Жаппастың ышқынған дауысы естілді... Қағушы қасқыр ерменнің жел жағын ала құлаштай шауып келеді. Дәйімі қалың күртіктің үстімен қашуды сүйетін әдеті бойынша, бір ақ қоян оның алдында зымырап қашып келеді. Бар хауіп арттан деп түсінген ол алдында не барын тыңдар емес.

— Ойпыр-ой, тоспадағысы қағып әкетпесе не қылсын, мына сорлы тура тартты-ау,— деді Жәнібек атай қобалжып. Оның түрінен де, қозғалақтаған қыймылынан да қоянға жаны ашуы сезіліп тұр. Жаппас та солай. Ол тіпті қоянға болыспақ, қасқырларды сескендірмек болып, тап менің қасымда отырып-ап, зор дауыспен қыйқу сап құлағымды тұндырды.

— Ей, ой-ей, қайда барасың... Бұрыла қаш! — дейді, бажылдап, жадағай шананы жұдырығымен түйгіштеп.

Менің де жүрегім лүпілдеп кетті. Не болар екен деп екі көзім қоянда, құрыр ма екен деймін... Аңдарды көрген өгіздер де бастарын көтеріп алып, құлақтарын едірейтіп, мұрындарын пысылдата бастады.

Зымыраған қоян лезде-ақ тоспадағы қасқырға таяқ тастам келіп қалды. Енді бес-алты аттаса-ақ жыртқыштың аузына өзі барып түседі, жарық дүниемен қош айтысады... Бірақ неге екені белгісіз, тоспадағы қасқыр асығыстық істеп қыймылдап қалды да, көзі шалып қалған қоян оңға жалт бұрылды. Қасқыр да бас салмақ болып оқтай атылып еді, кем соғып салмағымен қарға көмілді де, артынша қоянды қуа жөнелді. Қоян болса

жанын қоярға жер таппай, бұрынғыдан бетер безіп барады. Көлге қарай ойысып еді, қамысқа бір іліксе құтылып кететінін сезіп, бүйірде самарқау келе жатқан қасқыр төтелей салды да, оны ашық далаға қарай айдады.

Енді аздан соң жылы қанға ауыздары тиеді деп дәмеленген қорқаулар барынша сілтейді. Әсіресе алдыңғы көкжал тықсыра жетер-жетпес келеді... Әрі көлге қарай өте алмайтынын, әрі бүйте берсе құтылмайтынын сезіп есі шыққан қоян, күтпеген жерден айла жасап, бізге қарай ойысты. Мұны түсіне қойған қасқырлар кес-кестей бастады... Бізге осындай жақындап қалғанда, қасқырдың біреуі мойнын тұқырта қоянды тақымдай сыпыртып өткенде, арандай ауыздан қорыққан қоян, бұлтара беріп, жанталаса шыңғырып жіберді. Екінші тап бергенде тек Жаппас пен Жәнібек атайдың шанадан түсе-түсе қап қарсы жүгіргені ғана қоянды ажалдан сақтады. Ол шананы жанасалай, жолмен сып етіп өте шыққанда, адамнан сескенген қасқырлар екі жақтан алыс орағыта шықты. Мен олардың тікірейген құлақтарын, арандай ашқан ауыздарын, сақылдаған тістерін анық көрдім. Көрдім де, олар мені бас салғалы тұрғандай қорқып айғайлап жібердім. Шанаға тығыла түстім...

Қарсыласар тісі, тырнағы жоқ қоян қасқырлар тықсырып келіп қалғанда, жолдан бұлт етіп жалтарумен ғана жан сақтап жүр. Оның бағанағыдай емес, ұзақ қуғыннан қалжырағаны байқалады... Қасқырлардың өгіз





шаналыны басынып, қоянды айнала қуғанына ызаланған Жаппас:

— Әй, әттең, жеккеніміз ат болмады... Доғара сап... бәлем-ай... Бұларға...— деп кіжінеді.

Тап қазір қолына қасқырлардың бірі түсе қалса ол түтіп жіберердей болып отыр... Қоян тағы да жандәрмен бізге қарай оралып еді, мұны көрген Жаппас қолына айырын ала жүгіре шықты.

— Қоянның үстіне құла... үстіне,— деді бүгжеңдеп жүгіріп бара жатып Жәнібек атай. Бірақ Жаппас ыңғайланғанша, Жәнібек атай қасынан өте шыққан қоянның сыйрағына өзі қамшымен бір тартып домалатып түсірді де, оның үстіне етегін жая құлай кетті... Екпіндеп келіп қалған қасқырдың біріне Жаппас қолындағы айырды лақтырып кеп жіберді. Сасқалақтай тайып жығылып, мүлт аман қалған қасқыр ызалана арс етті. Айыр барып қарға шаншылды. Осының бәрінің өте тез өткені сонша, мен не болғанын да бағдарлай алмай қалдым.

Жәнібек атай қолтығына қысқан қоянның құлағынан мықтап ұстап менің қасыма әкеліп қойып, тұлыбына шымқап тұрып орады. Шанаға маңайлай алмай, бірақ қалып та қоймай еріп келе жатқан қасқырлар іштерін ентіге соғып, адамдарға қастаса сұқтанады. Тілдері салақтап, ауыздарынан леп бұрқырайды... Деміккен Жаппас та, бір қолында айыры, келе шанаға құлады.

— Қап! — дейді ол өкініп. Тимей кетті, айтпегенде жайрататын едім бәлемді... Әй, өзінің де есі қалмады.

Өмір үшін болған күреске өзім қатысқандай боп, өзімді өзім ұмытқан мен жүрегім лүпілдеп қасымдағы қоянға қарадым. Үйге апарып асыраса деп қызығамын да. Жайшылықта қояндар дүрдей көрінетін еді маған, ал мына қоян болса, қорқыныштан ба, қалай

жұдырықтай ғана болып қалыпты. «Тие көрмеңдер», деп жалбарынғандай көмірдей қара көздері жаутаңдап, аяз қысқан ол қалш-қалш етеді. Реті келсе ытқый жөнелерлік те ойы бар сыяқты. Соны сезген Жәнібек атай оны мықтап орап алған. Қорықпауын өтініп дем береді.

— Сен бір жолың түсіп тап болған керемет жолаушысың,— дейді қарт қоянға қарап. Өзің керемет екенсің, өміріңді жақсы қорғадың... Ақырында, міне, жеңіп те шықтың, бәрекеелді... Дегенмен менің қамшым сыйрағыңа оңай тимеген болар, бірақ кешіресің, әрине...

Күн батқан соң біз «Егіншоқ» деп аталатын қалың шілікке келіп жеттік. Жәнібек атай қоянды қос қолдап көтеріп ап:

— Ал, енді қош бол, сөге жамандама,— деп күртік қарға қарай секіртеп жіберді. Қоян қарға аунап түсті де, атып тұрып күртіктің үстімен қаша жөнелді. Ол әудем жердегі шоқ қызылдың түбіне барып, шоқыйып тұра қалды да, құлағын қайшылай бізге қарады.

— Ананы қара, қоян бізге қарап тұр! — дедім мен қуанғаннан орнымнан ұшып тұрып.

— Кім білсін, мүмкін хайуанның мұнысы да адам жүрегінің мейірімділігін ұққан ишараты болар. Бірақ осы жасыма шейін естіген әңгімелерім, өзімнің түсінігім бойынша ақымақ та қорқақ қоянның қажет болғанда ақылды да батыл бола алатынына менің енді көзім жетті,— деді Жәнібек атай. Жаппас екеуіміз үндегеніміз жоқ. Жаппас неге үндемегенін өзі біледі, менің көз алдымда әлгі көрініс елестеп тұрғандықтан, соның қызығына беріліп, әрі Жәнібек атайдың сөзінің мағнасына ой жіберіп үндемедім. Шамасы, Жаппастың үндемеу себебі де сол болды-ау деп ойлаймын.

*Е. Мырзахметов*  
Петропавл қаласы

## ЖІЛІК

Алақай, бүгін біздің үй қой сояды! Жілік, жілік мүжитін болдым! Мен өзім ет жегенде ылғый жілік мүжуді жақсы көрем. Неге екенін білмейім, маған әйтеуір басқа бар еттен жіліктің мүжуі дәмді көрінеді де тұрады.

Мен бір күні әкемнен мұның себебін сұрадым. Әкем маған:

— Жай етке қарағанда сен жілік етін қалай жалап, мүжіп, аздап та болса еңбек сіңіресің. Ал, еңбек сіңіріп жеген тағам қашан да дәмді болады,— деді,— оһ!

*А. Шаншаров*



# БАҚЫТТЫҢ „ҚУЫРШАҒЫ“

Әңгіме

Бақыт үш жасқа толды. Бүгін басқа жерде тұратын әжесі де келіп қалған.

— Бақытжаным қайда екен? — деп, даусын еркелете шығарды әжесі. Ал, өзі екі қолын артына қайырып, бір нәрсені тығып тұр.

«Конфет» болар деген ой кірді Бақытқа, әжесінің ешқашан құр қол келмейтіні есіне түсіп. Бірақ, ол осы өз үйі, папасы, мамасы, әжесінің конфетінен басқа зат бұл дүниеде бар екендігін білген емес. Сондықтан болар, құйрығы жалбырап, көзі бақырайған бір жәндікті әжесі Бақытқа қарай итеріп жібергенде, Бақыт қорыққанынан мамасына қарай тұра қашты. Мамасы да қорқып, қаша жөнелетін шығар деп ойлаған еді. Жоқ, олай емес, мамасы қорқудың орнына сақылдап күліп, оны жұбата бастады.

— Мұны ат дейді, жылқы. Білдің бе? Сен енді дәу жігітсің атқа мінетін уақытың болды, — дейді әжесі.

Әжесінің сөзін тыңдап тұрған Бақыт жоқ. Қорқынышты болса да сүп-сүйкімді мына ат, жалы жалбырап, Бақыттың барлық көңілін өзіне аударған. Мұны адам қолдан жасап шығарған десе Бақыт ешқашан да сенбеген болар еді.

Мамасы бұл кезде жағын таянып, кереуеттің үстінде ыңқылдап отыр еді. Соңғы кезде ол «ауырдым, жүруге ауыраймын» деп, жиі-жиі жатып қалатын болып жүр. Оның «ауырдым» деген сөзіне Бақыт түсінбей-ақ қойды. Кереуетке немесе диванға шығып, онан қарғып түсуге болады. Болмаса, папасының мұртынан тартқан да қызық-ақ! Бірақ, «ауырдым» деген не сөз, әлде ол мына ат сыяқты алғаш көргенде қорқынышты нәрсе ме екен?..

— Бақытжан, мына ат саған ұнады ма?

— Аһа...

— Ендеше, көп ұзамай «қуыршақ» бала әкеліп береміз. Сен оны атыңа мінгестіріп, үйің үшін қыдыртасың, — дейді әжесі.

Қуыршаққа жаны құмар болмаса да, онымен атқа мінгесіп сайран құру Бақытты қызықтырды. Үй ішінде аралайтын жер көп-ақ. Мына көрші бөлмеге баруға болады. Онда папасы мен мамасы ұйқтайды. Ішінде радиосы да бар. Көзге көрінбейтін бір әйел мен еркек күн ұзақ осы радионың ішінде жасырынып сөйлейді де тұрады.

Әжесі 3-4 күннен кейін тағы келді. Бұрын-



ғыдай емес, бұл жолы ол Бақытқа ешнәрсе әкелген жоқ. Қайта, келді де мамасына ұрса бастады.

— Саған тіршілік керек емес пе, немене? Онда, әлде, толғағың есіңді кетірген соң ғана бармақшымысың? Тұр, киін, өзім ертіп апарып тастаймын.

Бақыт осынша жасқа келгенше мамасына біреудің жекігенін көрген емес. Папасының өзі де мамасына ұрыспайтын. Осыларды білетін Бақыт мамасы қазір әжесіне қатты-қатты сөз айтар деп ойлаған еді. Мамасы Бақытты таңтамаша қалдырып, сөз қатпастан киіне бастады. Әрқашан да ақжарқын әжесінен Бақыт қорқып көрген емес. Ал, онан мамасы қорқатын болса, бұл тегін болмады, онда сақ болу керек екен.

Бақыт әжесіне жалтақтап, өзін сүйіп жатқан мамасына «еремін» деп айта алмады.

— Мына көрші үйдің қызы қазір келеді, — деді оған әжесі. — Ал, мамаң саған «қуыршақ» әкелгелі бара жатыр.

— Ойыншық аттың қызығы әлі басылмаған Бақыт, мына сөзге иланды да, қала берді.

\* \* \*

— Әже, мамам қашан келеді, — деп мазасыз-на бастады Бақыт күн санап.

Ол бұрын дүниедегі ең тәтті, ең жақсы нәрсе конфет деп ойлаушы еді. Енді байқаса, әйтеуір бір нәрсе Бақыттың күнделікті тұрмысында кем сыяқты. Мамасының жоқтығы оған қатты батты. Ерте кетіп, кешке келетін папасы



да, осы үйге жатып жүрген әжесі де Бақытқа мамасының өзіндей бола алған жоқ. Қала берсе, ағаш аттың да қызығы кетті. Тіптен, радионың даусы оның басын ауыртатынды шығарды.

Бақыттың көңілін жұбату үшін әжесі талай амал істеп-ақ бақты.

— Білесің бе саған қандай қуыршақ әкелетінін мамаңның? Дәл өзің сыяқты ол да күледі, мамасын сағынып ол да жылайды. Көктем шыққан соң саған еріп көшеге шығатын болады,— дейді әжесі.

Мұндай қуыршақ болады дегенге Бақыт алғашқыда сенбей жүрді. Бірақ әжесінің еоншалықты сендіре айтатындығы, сол қуыршақ келмей жатып, бала сыяқты қуанатындығы Бақытқа әсер етпей қойған жоқ. Ол да мамасының келуін дегбірсіздене күтумен болды.

— Бүгін мамаңды алып келемін,— деді бір күні папасы.

Бақыт та, әжесі де бұл хабарға қуанып қалды. Әжесі ішкі бөлмедегі аспалы бесікке жаялық жайып, әбігер болып жүр. Бұл бесікте бір кезде Бақыт жататын. Бірақ, басқа керуетке ауысқалы әлдеқашан.

— Бұған кім жатады, мен бе? — деп сұрайды ол әжесінен.

— Сен емес, сенің «қуыршағың» жатады. Сен келіп тербетіп тұрасың.

«Қуыршаққа бесіктің керегі не? Оны атқа мінгізіп қыдыртса да болмай ма?» Бақыт осыны сұрамақ болып еді, оның ойын есік алдына келген машинаның даусы бөліп жіберді.

Мамасы, папасымен бірге үйге көршілері де топырлап кірді. Барлығы да құтты болсын айтып жатыр. Ал, әжесі одеялға оралған бір-нәрсені бесікке апарып салды.

Мамасы келгенде бұлай болады деп ойламаған Бақыт аң-таң. Тек мамасының мейірлене сүйюі оған лықсып келген ызаны жадыратып жіберді.

— Қарындасына апарыңдар, таныссын,— деді қонақ әйелдер.

— Міне, сенің қуыршағың,— деді әжесі.

Бақыт әжесінің осы уақытқа дейін алдап келгендігін енді түсінді.

Бақыт әлі қарап тұр. Ол бұрын адам баласы да осындай нәзік, кішкентай болады деп ойлаған емес. Бөпенің дәрменсіз түрі бет-аузынан сан-алуан құбылтуы Бақытқа бір түрлі көрінді.

— Қарындасың ол сенің, бауырың,— деді мамасы ыңғайсызданып қалған Бақытты құшақтай алып.

Бауырың! Өз өмірінде осы сөзді Бақыт бірінші рет естіп тұрса да, оның мағнасын өзіне де белгісіз ішкі сезімімен түсінді. Сөйтті де, әлгінде ғана танысқан қарындасына қайтадан төнді.

*Оразбек Бодықов.*

Қызылорда облысы,  
Илелі станциясы.




## ЖОЛАУШЫ МЕН ЖЕТІ ҚАСҚЫР

*Ертегі*

Ертеде бір жолаушы сапар шеккен,  
(Бармақ боп құдасына жүрген көптен...)  
Жапанда жалғыз өзі келе жатты  
Жарысып желмен ұшқан ебелекпен.  
Екі қол — қос қанаты, екі аяғы.  
Қолында көптен жолдас тал таяғы.  
Қынында өткір кездік сенімді дос,  
Алтауы айналасы — бап-баяғы.  
Жол ұзақ, барар жері әлі қашық  
Келеді ірі адымдап, алшақ басып.  
Кең дала бейне мүлгіп ойға батқан,

Тіл қатпас жолаушыға сырын ашып.  
Ұшқан құс, жүгірген аң көрінбейді,  
Ойлаудан ұшқыр қыял ерінбейді.  
«Бұл жолдың мен білмейтін не сыры бар?  
Өзімнің жастан өскен жерім» — дейді.  
Жүрісі жалғыз жаяу өнбес жарып.  
Батуға жақындады күн қызарып.  
«Алдымда ұзақ емес бір қыстау бар,  
Жарықта жетсем,— дейді,— соған барып».  
Осылай ойлайды да асығады,  
Асығып қатты жүріп, басылады.





Қайдағы қасқыр біткен қаптап кетті,  
Құрардай жолаушыға сұмдық торды.  
Аяндап келе жатыр жаяу батыр,  
Келгендей бір басына заман ақыр.  
Ойға алған бір демеуі осынау қыстау,  
«Жетсем,— деп,— соған ғана кетпей

қапыл...»


Жолаушы ызаланды, қалшылдады,  
Ақ таяқ ақ семсердей жалтылдады.  
Айнала кез келгенін орай соқты,  
Аянып, сасып, қорқып тартынбады.  
Қасқырлар ұлыды, үрді, қаңсылады...  
Аузынан сілекейі тамшылады.  
Олжаны өзі келген жей алмастан,  
Сандалып, дымы құрып сансырады.

Астынан бір төбенің шыға келіп,  
«Жолдас» боп қаңғыған «ит» қосылады.  
«Жолдас» деп итті көріп қуанады,  
«Күшкәлап!» келмеген соң қуалады.  
«Қандай ит дала кезген тағыланған?..»  
Деді де оны іштен кіналады.  
Қумады итті әуре боп одан арман,  
Жолымен жүре берді бетіне алған.  
Ит тағы ере берді қабаттасып,  
Қалай да дегендей-ақ сенен қалман.  
Жүреді жаяу жүрсе, тұрса тұрып,  
Жан-жаққа жалтақтайды мойын бұрып,  
Қастықпен жолдас жолын аңдығандай,  
Қояды анда-санда қасқырша ұлып.  
Жолаушы «мына итің бөтен» — деді,  
«Ит емес, мынау қасқыр екен» деді.  
Бүйірден шыға келіп тағы бір «ит»  
Қосылып о да бірге бөкендеді.  
«Үш жолдас» қатарласып келе жатты,  
Мұнартып қас қарайып күн де батты.  
Кере ашып кезек-кезек ауыздарын,  
Көздерін қасекендер жарқылдатты.  
Ұлыды екі қасқыр аузын ашып,  
Тырналап бұрқылдатып топырақ шашып...  
Жан-жағын жау қамалап алған жаяу,  
Түсінді құтылмасын енді қашып.  
Тістерін таяп қалад сақылдасып,  
Қойғандай бір-бірімен ақылдасып.  
Жолаушы таяғымен тап береді,  
Аяғын жолбарыстай батыл басып.  
Жолаушы жанын сала қорғанады,  
Бойынан бір ыстық тер сорғалады.  
Алдынан екі қасқыр тағы шығып, —  
Алды-артын бейне бұлттай торлап алды.  
Сонымен төртеу болды, бесеу болды.  
Ақыры жалғыз қасқыр жетеу болды

Жолаушы айта қалар қайрат етті,  
Қыстауға жан таласпен келіп жетті.  
«Өңім бе, түсім бе» — деп қуанғаннан,  
Бір үйге есігі ашық кіріп кетті.  
Есігін іштен жауып іліп алып,  
Кілітін ілмешегін біліп алып.  
Ентігіп есін жыйып, терін сүртіп,  
Отырды бір аз ғана тыным алып.  
Қасқырлар тырналады есікті кеп,  
Есікті аша алмастан өшікті кеп,  
Секіріп бірі үйдің төбесіне,  
Сығалайды біреуі тесіктен кеп.  
Қасқырлар тыным таппай қазып жатты.  
Астына топырағын жазып жатты.  
Арасын өрген тастың тескен кезде,  
Аяқтан жолаушы да ұстай қатты.  
Кездігін суырып ап қынындағы,  
«Айласын істейін,— деп,— мұның дағы».  
Сыйраққа сағалата тығып алды,  
Терінің тарамыспен жымындағы.  
Сөйтті де қоя қойды, тиіспеді.  
Жолаушы іштей мұным дұрыс — деді.  
Қажыды, қаңсылады... Қасқыр сонда,  
Жарадан әлі кетіп бүрісті енді.  
Секіріп тағы орнынан тұрады да...  
Аяғын әлденеше бұрады да.  
Қыңсылап дымы құрып, үні бітіп,  
Ышқынып топырақ қаба құлады да...  
Қасқырлар қашты бәрі мұны көріп,  
Біреуін өз ішінен құрбан етіп  
Қақпанға қастық іздеп өзі түсті,  
Қу неме қара пейіл, қаңға жерік.  
Жолаушы, міне, осылай ерлік етті,  
Ақылмен, қайсарлықпен көрсетті епті.  
Терісін сыдырып ап қасекеннің,  
Күн шыға өз жолына жүріп кетті.

Өтебай Тұрманжанов.





## ҰШУ ШАПШАНДЫҚТАРЫ

Өзен жағасында тұрып атырапқа көз жіберсеңіздер, су үстінде қалықтап ұшып жүрген қаздар мен тырналарды көресіздер. Байқап тұрғанда, қарлығаш бұл ірі құстарға қарағанда әлдеқайда тез ұшатын тәрізді көрінеді. Ол құйыла жербауырлап ұшып келе жатып кенет жалт бұрылады. Ол бірден қараған адамға ғажап тез ұшатын сыяқты. Сондықтан көп адамдар қарлығаш басқа құстарға қарағанда тез ұшады деп те ойлайды.

Қазіргі кезде самолеттің көмегімен қаз бен аққудың сағатына 90 км. ал қарлығаштың 46-ақ км. ұшатыны анықталды.

Құстың үлкен, кішілігі немесе бақылап тұрған жеріміздің алыс-жақындығы құстың ұшу шапшаңдығына үлкен әсер етеді, кері ұғым береді.

Жаз айларының ыстық күндерінде ірі-ірі шыбындар, аралар және басқа жәндіктер жанымыздан көз ілеспей тез-тез ұшып өтіп жатады. Біз олардың пішіндерінің қандай екенін де көруге үлгіре алмай қаламыз. Бұған қарап, олар құстан да тез ұшады екен деп ойламаңыздар. Олардың ұшу шапшаңдығы 20 км ден артпайды. Бұл жәндіктердің тым ұсақтығы көзді алдайды да, шапшаңдықты ағат ұғындырады.

Құстардың ішіндегі ең тез ұшатыны сұр қарлығаш. Ол сағатына 100 км. ден де артық ұшады. Ыққа қарай ұшу құстың ұшу шапшаңдығын жеделдетеді.

Мынадай оқыйғаны мысалға алалық: жел соғуының шапшаңдығы 120 км. ге жеткен бір дауыл күні Англиядан шыққан қызғыштар Солтүстік Американың батыс жағалауларына дейін 18 сағатта ұшып жеткен. Ал, егер табиғатта ешқандай құбылыстар болмай тыныштық сақталса және әрі ұшудың ешбір тығыл-таяң қажеттігі келіп тумаса, мұндай жағдайда құстар, әдетте, күніне 150 километр ғана ұшады да қонақтап дем алады. Алайда, шымшықтардың тоқтаусыз бір жақтан екінші жаққа 3 000 километрге шейін ұшқан оқыйғалары бар. Поляр краткасы дейтін құс солтүстік полярның сыртынан Антарктикаға тоқтаусыз ұшып барып қайтады. Сонда оның бұл сапары 17 000 километр болғаны. Құс ойлаған жеріне ұшумен ғана жетеді. Осының салдарынан көп құс аяғымен жүру қасиетінен



мүлде айрылған. Мысалы: қала және тау қарлығаштары және олардың бірнеше басқа да түрлері, балықшы құс тағы басқалары осындай.

Сонымен қатар ұша алмайтын құстар да болады. Бұған түйеқұс және басқалары жатады. Тек қана жүзіп жүретін құстар да болады. Олардың қанаты ескек қызметін атқарады. Оған пингвин жатады. Орман құстарының өзінің ерекше қасиеті бар. Олар жерде секіріп жүру қасиетін сақтай білген. Бұл оларға ағаш басында бұтақтан-бұтаққа ырғып жүру үшін өте қажет.

Ырғу — ұсақ құстардың ең бастапқы қозғалу түрі. Мұны торғайдың балапандарынан байқауға болады. Өздерінің ұяларынан ұшар алғашқы кезде жер бетінде қарғып жүреді де, бара-бара жүгіріп үйренеді.

Дүние тануға құс өмірін бақылаудың да көп пайдасы бар.

## КҮШІГЕН

Қыстың суығына қарамастан декабрь айының бұл күні іле бойындағы Алатауда тоңғысыз шуақ еді.

Таудың күнгей шатқалында қар жоқ еді, сондықтан күздігүнгідей қарсыз қара соқпақпен көтерілу оңай-ақ. Алайда, тау ішіндегі қысқы тыныштық тым-тырыс — құстардың қыйқуы да, жәндіктердің сыбдыры да естілмейді.

Қақаған алғашқы аяз айналаның апшысын қуыра түссе де тақаппар табиғат айылын жыймастан тыныштыққа бөккен тәрізденеді.

Осы жым-жырт шақта шатқалдың ішінен салаң етіп бір дәу қара құс шыға келді. Кереқұлаш қанатын керенау серпіп ол планерше көкте жүзіп келеді. Ол аспаннан сорғалай кеп шығның басына қонғанда, көкке шағылысқан ақ иығы жалт етіп көзге шалынды. Бұл қозыны құрыш тұяғымен іліп кететін балтажұтардың өзі. Міне, ол сәл ырғып түсті де қанатын кең жайып бір серіппестен-ақ көтеріле жөнелді. Қыран ауаны шаншыла көтеріліп самғап барады, самғап барады. Міне, кенет құстан бір қара нүкте бөлінді де төменге құлдылап барып жоқ болды. Құс қалықтап барып өзінің алғашқы орнына қонақтады.

Бір мезеттен соң ол тағы да көтерілді де әлгісінше қара нүктені төменге тастады. Балтажұтар мұнысын үш, төрт, бес мәртебе қайталағанда мұның жерге тас лақтырып жүргені байқалды. Ол тастардың кейбірінің түскен жерінен ырғып екінші жерге домалағаны көрінді, ал, қайсыбірінің жар тасқа сарт соғылғаны естілді.

Балтажұтар шәу тартқан көрі болмаса да тұяқтарымен тастарды бала бүркітше кемістіріп лақтырады. Әдетте, жыртқыштардың тұяқтары шеңгел салуға, арбасуға немесе қорғануға өдеттенеді. Алайда, балтажұтар, өзге де тау қырандары сыяқты, тасбақаны алып аспанға көтеріледі де оны биіктен тасқа соғып қабын сындырады. Әлгі аспаннан мұның лақтырып жүргені сол тасбақа екен. Олар кездескен малдың жіліктерін де осылайша ұсатып майын жейді.

*М. Зверев.*





# САУЫНШЫЛАР

Әңгіме



Мұғалімнің бірінші ұсынысы оқушылардың көбіне ұнамады.

— Онсыз да күнде көріп жүрген ферма, онда не қызық бар, — дейді олар, — ауылдың сыртына шықсақ көлге барсақ ол да бір сәрі болар еді. Ал мынау деген не?

— Күнде көріп жүрміз десек те фермада да біз білмейтін жайлар көп, — деп Камал өзінше білгірсі бастап еді, оны басқалар: «Әй, қойшы сен», — деп тастады.

Ауыл баласының қайнаған өмір ортасында отырып оған онша зер салмайтынын қарапайым еңбекті өнер тұтпайтынын, сондықтан шаруашылыққа тиіп-қашты араласқаны болмаса, онымен көбі беріле, қызыға шұғылданбайтынын мұғалім Әділбеков мектепке алғашқы келгенде-ақ аңғарған еді. Бірінші өткізген сабағы да мұны растаған. Ол балалардан сыр тарту әрі танысу мақсатымен:

— Я, балалар, демалыс қалай, көңілді өтті ме? Қандай қызық көрдіңдер? — деп класты әңгімеге шақырып еді, оқушылар үндей қоймады.

Әділбеков алдындағы журналды кейін сырып тастады да, шәкірттерді көзімен барлай сөйледі.

— Мәселен, кім не істегенін әңгімелесе... Басқамыз тыңдасақ. Кәне, кімнің айтқысы келеді?

Бұған да ешкім тіленбеді. Әңгіме мұнымен де өрістемесін көрген соң, енді ол жеке-леп сұрауға кетті.

— Бектай, мүмкін, сен әңгімелерсің?

Құлағына дейін қызарып, Бектай сасқалақтап орнынан ұшып тұрды.

— Нені, ағай?

— Сен, қысылма, Бектай... Жазғы демалыста қайда болдың?

— Үйде, — деді Бектай.

— Қандай қызық көрдің? Бізге соны айт...

— Көлге түстік, балық ауладық. Басқа түк те... Я аздап жұмыс істедік — масақ тердік.

— Жоқ, ағай, мен онда барғаным жоқ. Онда ешкім де болған жоқ.

— Неге өгірік айтасың, мен болдым, — деді арт жақтан бір бала.

— Камал, — деді мұғалім барлық зейінін соған аударып.

— Фермада болдым. Қозы бақтым, атама көмектестім.

— Ойбай, онда сен қырған екенсің? — деген дауыс қатарынан күлк ете түсіп еді, балалар мырс етіп күліп жіберді.

— Неге күлесіңдер?, — деді мұғалім, — Өттамаша болған.

— Ағай, мал баққанға несі мақтанады?

— Немене, сеніңше, мал бағу оңай ма? Әлде...

Әділбеков бала аузына сөз салғысы келмей, сұрағын аяқтамай іркіп қалды...

— Мал баққанның несі қызық...

— Айта бер, айта бер...

— Кешке дейін жалғыз өзін далада жүресің. Ойнайтын да ешкім жоқ...

— Камал, сен қалай ойлайсың? — деді мұғалім.

— Әрине, іш пысатыны рас. Бірақ, мен болмасам, атама кім көмектеседі?..

— Ақылды жауап, — деп қостады Камалды мұғалім. Алайда, мұғалімнің бұл мақтауы да өзге балаларға онша әсер етпеді, Камал ісіне қызығушылар аз сезілді.

— Камал сыяқты өздерің тіленіп колхозға көмектескендерің қол көтеріңдерші.

— Үш, төрт, бес, — деді мұғалім күбірлеп. Ол балаларға арнай сөйледі. — Аз, өте аз. Ата-ананың кәсібін қадірлемеу, өз мекенің-колхозға көмектеспеу, колхоз тіршілігің





салқын қарау — қатты өкіндіретін іс екен, балалар...

Ол бұл арада тамаша сөздермен жас буынның қоғамдық мүддеге деген сезімін оттай лаулатқысы келіп-ақ еді, бірақ бала жүрегіне жетерлік әрі ұғымды, әрі қарапайым, әрі әсерлі отты сөз таба алмай, жалаң үгіт айтып кеткен сыяқтанды. Шіркін-ай, сөз өнері осындайда керек екен ғой!..

«Балалар колхоз шаруашылығына беріле қызықпайды, оның мүддесіне кейі тіпті селқос қарайды. Қарапайым еңбек мақтаныш болу деген салтқа айналмай келді. Міне, біздің жұмыстағы олқылықты осыдан іздеңіз. Ол аз. Бұл бүкіл мектеп тіршілігінің жаңа бағыт алуын тілейді. Екінші сөзбен айтсақ, оны қазіргі өмір мүддесінен туған талапқа орай басқару қажет болады» деген еді қарт мұғалима Елизавета Сергеевна өткен жолы бір әңгімесінде.

Қарт мұғалима айтқан жайлардың нағыз өмір шындығы екеніне Әділбеков көзі күн сайын жете бастаған. Міне, алғашқы сабақ осыны тіпті тереңдете түсті. Колхоз жайындағы әңгімеге балалардың құлағы түрілмейді, назары аумайды, одан романтика көрмейді. «Қозы баққан да өнер болып па» — деп Қамал сыяқты балаларға қайта күле қарайды.

Осы жайларды қанша түсіне тұрса да, мұғалім енді алғашқы беттегідей емес, біраз



сабыр етті. Өйткені колхоз тіршілігінен алшақтықтың зиянын бір әңгімеде ұғындырып, оқушылардың мыйына бірден сіңіре қою ақылға сыймайтын сыяқтанды да, өзінің әлгі бір ойын ұшқарылық деп бағалады. Жоқ, мектептегі бұл олқылықты бірер сабақта жоя қою мүмкін емес, барлық оқу-тәрбие жұмысына, әр мұғалімнің әрбір сабағына жас буынды колхозды сүйеге баулу деген ниет желі болып тартылуы қажет. Әділбековтің көңілге түйгені, міне, осы болды. Сондықтан да ол бірінші күннен бастап-ақ ауыл тіршілігінің, ондағы алуан түрлі кәсіптің сырына балаларды қанықтыруға бар күшін салды. Бүгін фермаға саяхат та, міне, осы ниеттен туған болатын.

\* \* \*

Сауыншы Сагила Әділбековке қарап үнсіз жымыйды да:

— Я, мұғалім, мен не айтамын?, — деді.

— Өз жұмыстарыңызды әңгімелеңіз. Балалар мал өсірудің жайымен таныссын.

— Біз деген сөйлеп үйренбеген, көп оқымаған жұмыс адамымыз, не айта аламыз. Онан да керек дегендеріңізді өзіңіз сұраңыз.

— А, құдай-ай, шаруа жайын тура басынан түсіп айта бермейсің бе, — деп күлк етті бір сауыншы.

— Я, тіпті сөйтуіңізге де болады, — деді. Әділбеков оны қостап. — Сұрақты біз жолжөнекей берейік.

— Балалар, біз сыйыр бағамыз. Осылай бастасам дұрыс па?, — деп Сагила мұғалімге қарап күлімсіреді.

— Дұрыс, дұрыс. Бөгелменіз.

— Сыйыр бағатын себебіміз — біз жастай малға үйренген жандармыз. Мал бақпай отыру дегенге біздің үйренуіміз қыйын. Міне, сол үшін де, мал өсіру — осы тұрған бәріміздің сүйген ісіміз, — деп ол сауыншыларды көзімен шолып өтті. «Дұрыс айтады» дегендей олар да әрқайсысы өз орнында үнсіз тұрып, бас изеді. Ал, шынында, жалғыз бізге ғана емес, бүкіл елімізде бұл өте қадірлі жұмыс. Өйткені малсыз тіршілік жоқ. Асыл тамақ, асыл киімді де мал береді. Оны бәрін де білесіндер. Ал, малдың да малы бар. Бірнеше сыйырға төтеу болатын да мал бар, немесе не еті, не сүті жоқ, өнімсіз жануарларды да аз көріп жүргеніміз жоқ. Біз, малшы-колхозшылар, сол үшін де мал өсіргенде оның аты емес, заты үшін тырбанамыз. Ойбай-ау, маған қой демейсіндер ме, босқа



уақыттарыңды алып барамын ғой,— деп Сағила мыйығынан күле кілт тоқтады.

— Жоқ, жоқ, бөгелмеңіз. Тамаша,— деді Әділбеков сүйсініп.

— Сіз әдейі асыра бағалауды жақсы көреді екенсіз, қайным.

— Тіпті де олай емес, жеңеше! Ыйланыңыз, титтей де алаңдай көрмеңіз, айта беріңіз, айта беріңіз.

Сағила ернінің ұшына ғана күлкі жыйып, басын шайқады.

— Малды дұрыс күте білу дегеннен шығады-ау. Менің жеткізе алмай тұрғанымды... Бері жүріндер. Ана тұрған шеткі қасқа сыйырға көз салыңдаршы.

Балалар жапырлай төніп, қасқа сыйырға көз тікті.

— Осы сыйырдың тірілей салмағы қанша болады деп ойлайсыңдар?

Балалар біріне бірі қарап аңырып қалды.

— Неменеге үркіп тұрсыңдар? Жакындандар. Көзбен шамалай алмасандар, өлшендер.

— Неменемен өлшейміз, апай?

— Қайда, қалай өлшейміз? Гир жоқ қой.

— Гирдің қажеті не, былай да өлшеуге болады ғой... Әлде білмейсіңдер ме? Онда бері келіндер.

Үш-төрт бала сыйырдың қасына барды, қалғандар да дереу жақындап, иін тіресе жапырласа қалысты.

— Былай, шүйде тұсынан кұйымшаққа дейін өлшендер. Жасқанбандар, жасқанбандар. Міне, былай... Дұрыс. Енді кеудесін орай өлшеп шығыңдаршы... Екеуін көбейтіңдер... Одан шыққан санды екі еселендер де, жүзге бөліндер... Бөліндер ме? Қанша болды?

— 460,— деп шу етті балалар.

— 460 не ол? — деп сұрады сауыншы.

— Килограмм шығар...

— Әлбетте, килограмм. Мінеки, көрдіндер ме, қасқа сыйырдың салмағын таптыңдар! Ал, осы сыйыр бір жылда қанша өнім береді деп ойлайсыңдар? Айтайық қанша май бере алады? Қанша?..

— Кім білсін,— десті біреулері.

— Отыз-қырықтай болар,— десті екіншілері.

— Мә, саған! Қырығың не... Бұл тура жаңағы өз салмағындай, жоқ, тіпті одан да көбірек май береді. Дәлін айтсам, үш жүз алпыс алты килограмм. Неге бастарыңды шайқайсыңдар? Нанбай тұрсыңдар ма? Ұят екен, балалар. Өзіңнің колхозыңда тұрып



қасқа сыйырдың кереметін білмегендеріне таңым бар. Жасыратыны жоқ, мал жайын ойламайсыңдар ғой сендер. Міне, сондықтан көп нәрсені білмейсіңдер. Егер білген болсаңдар, мұндай таңданбас едіңдер... Бұл жаңа тұқым. Оның үстіне жастайынан ерекше күтімде болған, айырықша еңбегіміз сіңген жануар.

— Апай, сонда қалай күттіңіздер?— деген сұрақ балалардан осы арада өзінен-өзі туып кетті.

— Күту, бағу — біздің өмір бойғы жұмысымыз. Оны айтып шығу мүмкін де емес және сендерге қызығы да шамалы. Тек кейбір жайларды қысқа ғана еске түсіру десендер сөз басқа.

— Қасқа сыйыр жайын...

— Өзім де соны айтамын. Айттым ғой, бұл сыйыр бізде бұзауынан бастап өзгеше жағдайда өсті. Ал, бұзаудың сыры мәлім.

Ол дегенің жас шағында өте кінәратшыл, нәзік келеді ғой. Тіпті екі аптаға дейін денесінің температурасы да тұрақты болмайтыны, тұрған қорасының ыстық-суықтығына қарай құбыла беретіні естерінде болар. Бұлай болған соң, әрине, сәл суық болса, дереу салқын тиеді, ауырады... Мұның аяғы белгілі... Бізге зоотехник тәжірибе ретінде бұзауды жастайынан суыққа шынықтыруға кеңес берді де, осы жануардың басын қорқа-қорқа тәуекелге байладық... Артынан білдік-ау, мұндай әдіс көп фермаларда қолданылып жүр екен ғой... Солай ғой, мұғалім?

— Я, я, дұрыс айтасыз.



— Біз бұл бұзауды туған күннен тамағын тойғыза, ауасы таза, жарық, құрғақ, суық қорада бақтық. Сендерге өтірік, маған шын, денесінің температурасы 2-3 күннен кейін 36,4—36,7 болып тұрақтанып шыға келмесі бар ма. Ал, дене өз қызуын әрдайым сақтай алса болғаны, мал қандай жағдайға кезіксе де мойымайды ғой. Ондай төзімділікке үйренген малдың, әрине, өсуі де, өнуі де бөлек болады екен.

— Апай-ау, ендеше малдың бәрін жасынан солай неге күтпейміз?

— Әй, балалар-ау, кімнің күткісі келмейді дейсің! Сыйыр деген жарықтықтың тамағын тойғызу оңай болып па. Тәулігіне жүз, жүз деймін-ау, жегіш жануарларға 140 килограммаға дейін сапалы азық керек екендігін еске алып көріндерші... Ондай азық қайдан келеді?.. Әр сыйырға мұндай тамақ дайындауға өнебойы күш жетіп, жағдай бола бере ме. Бірі болса, екіншісі жоқ, тапшылық бізде қазір аз ба. Жем жетпей, шөп жетпей, кей қыста сыйырлар тілін тістегендей болып шығатын да кезден құтыла алмай келе жатқамыз жоқ па...

Малды бұл мүгедек жағдайдан құтқаруға қанша тырбанса да, жалғыз мал өсірушілердің қолынан келмейтінін бұл мәселеге тереңірек үңілсе, түбірі сабақталып әріде жатқанын, ауылға үлкен бет бұрысты, мал бағуды бүтіндей жаңа арнаға салуды тілейтінін Әділбеков қынжыла тұрып еске алды. Шіркін-ай, барлық техниканы ауылға төгер ме еді! Білімді мамандарды қыйсапсыз көбейтер ме еді!.. Барлық көз, барлық назар малшыларға тігілер ме еді!..

Әңгіме жас төлді азықтандыру жайына ойысты. Бұзауды ерте отықтырудың пайдасын Сағила бұл арада әдейілеп тоқтап айтты.

— Бізде, зоотехниктердің айтуынша, бұзаудың асқазанын жастайынан жетілдіруге қатты көңіл бөлінеді. Асқазан тез өссе, тез жетілсе, оның ас қорытуы жақсармақ, мал тез шыйрап, тез өсіп, жақсы оңалмақ. Ал, осы асқазанның жетілуіне жемшөптің етер әсері күшті көрінеді...

— Сен соның бәрін тергіштегенше, өзіміздің сүтті көп алудағы ісімізді неге айтпайсың? — деп сығыр көз келіншек Сағиланы түртіп қалды.

— Ол емес-ау, ең басты мәселені — малдың қора жайын ұмытып барасың, — деп екінші бір сауыншы да Сағилаға кіна артқан қалып білдіріп, аузына сөз салды.

— Қызықсындар, қайсыбірін қамтыймын. Ауыздарың бар, айтындар өздерің.

— Міне, бұл қатын бірдене десен, өзіне бас салады, — деп сығыр көз сауыншы тез кейін шегініп кетті.

— Сөзің-ай сенің. Сыпайы сөйлеуді қашан үйренер екенсің. Тым құрыса балалардан ұялсайшы, — деп Сағила бір жағынан ынғайсызданып, екінші жағынан әріптес жолдасына жайлап қана кейістік білдірді!

— Я, я, бірдене деп жібер, — деп екінші бір келіншек те өзгелерге көз қыса, сығыр көз сауыншыны әдейі жеме-жемге ала бастады.

— Қой әрі, мен не айтушы едім.

— Неменеге қысылатыны бар. Бәрі өзіміз, айта беріңіз, — деді мұғалім де аналарды қостап.

— Бетім-ау, осылардікі рас па?, — деді сығыр көз келіншек сұқ қолымен бетін осықылап.

— Сүтті көп алудың шарасы туралы сөз сауыншы Соқатаеваға беріледі, — деп Сағила әдейі ресми қалыпқа көшіп, асыға жарыялады.

Балалар қол соқты. Не үшін соқты? Қандай сезіммен соқты? Мұны олардың өздері де алғашқыда аңғармады. Осыны кейін ұқты ма қалай, ду еткен шапалақ артынша су сепкендей басылды.

Соқатаева не істерге білмей, әркімнің бетіне бір жалтақтап, ал кетіп қалудың лажын таппай қысылды. Амал жоқ, бірдене айтуға тура келді.

— Әй, қатын, сүт алудың несін айтамын?, — деп ол Сағилаға бұрылды.

— Ең болмаса, желінді сылау жайын айтпаймысың.

— Ойпыр-ай, мынау қыйын болды-ау. Топ алдында сөйлеген пенде емес едім... Осының бәрін шығарып жүрген сен қатын!

— Бол, бол! Жұртты қашанғы аузына қаратып тұра бермексің?

— Мен өзім былай етем, балалар, — деп ол даусын соза бастап еді, тамағына әлдене тұрып қалғандай, сөзі шорт-шорт үзіліп, үні бітіп қалды. Содан соң қайта-қайта тамағын кенеп, сәл кідірді де, сөзін жалғады, — мына, жаңа бұзаулайтын сыйырлар бар емес пе, соларды буаз күйінде жақсылап күтімге аламын да, желінін жақсылап сылай беремін, сылай беремін...

— Ондағы мақсат не? Соны айтпаймысың?



— Е, қызықсың, сүтті көп алу үшін сөйтеміз де...

Сауыншының тәжірибеден ұзап әрі барма-сын көрген соң, сөзге дереу мұғалім араласты да, бұл жұмыстың түйінін балаларға өзі түсіндіре бастады.

— Соқатаева жолдас дұрыс айтады. Сүтті көп алуда желінді сылаудың үлкен мәні бар. Малдың жүйке системасына әсер етудің, сол арқылы тиісті органдарды өзіміз қалаған мүддеге икемдеудің, соған қызмет еткізудің бұл бір түрі болып есептеледі. Мәселен, желінді сылау арқылы сүт бөлу жұмысына қатысатын органдардың қызметін күшейтеміз, солай емес пе? — деп ол сауыншыларға қарады.

— Солай болу керек, мұғалім, — деп Сафила болмашы езу тартты.

Бұдан кейін әңгіме малдың қорасына ауысты. Малды түрлі ауруға шалдықтырмай, күйлі етіп өсіру үшін ең алдымен жылы, жарық, құрғақ, таза, кең қора қажеттігі мұнсыз түрлі микробтар көбейетіні, малдың организмі әлсірейтіні, осыған байланысты күн сәулесі, азықтандыру, желдеткіш, канализация жұмыстарының мәні айтылды. Өсімдік дүниесі сыяқты, малдың да өзіндік тіршілігі бары, өсімдікті өзің баулып, өз қалауыңмен өсіргенің тәріздес, малды да тиісті айла-тәсілмен бағып-күту қажеттігі, ең аяғы әр шөптің, әр жемнің мал организміне етер өзіндік әсері бары ұғылды. Сайып келгенде, сыйыр бағу, қора тазалау дегеніміздің өзі де әшейін ғана қара жұмыс емес, ғылыммен тікелей ұштасып жатқандығы бала-

лардың санасына тереңдей сіңіп, жете түсті.

Экскурсияның соңында, Әділбек сауыншыларға бүкіл мектеп атынан рақмет айтып, өте риза болғандықтарын және бұдан былай келіп тұратындықтарын білдірді. Сауыншылар да бұған орай жасап жақсы ниет көрсетті...

Фермадан шығысымен балалар өзара жамамырасып кетті.

— Маған бәрінен де малдың тірілей салмағын өлшеп табу ұнады!

— Оны қойшы, азықтандырудағы гәпті айтсайшы!..

— Мал тұқымын асылдандыру ше?.. Қызық емес пе ә?..

— Ә, қалай екен! — деп өзінен өзі мақтанып Қамал шықты. — Білесіңдер ме, біз барғой, жас төлшілер үйірмесін құруымыз керек. Сонда талай қызыққа кенелеміз... Сендер күлмендер, нағыз ғылыми жұмыс жүргізетін боламыз.

— Академик болғың келеді-ау, ә! — деп бір бала оны шенеп те тастады.

— Болмағанда... Академиктер де бір кезде біздей бала болған шығар...

— Дұрыс, Қамал, бас қамшыны!..

— Желігіп алған Қамал арт жақта келе жатқан мұғалімге:

— Ағай, біз жас төлшілер үйірмесін ұйымдастырсақ қалай қарайсыз? — деді.

— Мен, әрине, қарсы емеспін, өздерің ақылдасындар, — деді мұғалім жымыйып.

Ол алғашқы жорыққа іштей риза еді...

*М. Иманжанов.*

## ЕҢІ ӨЛЕҢ

### ҚАҒАЗ ҚАЙЫҚ

Кәдуілгі қағаз қайық қолында,  
Жаңа ғана өзі қолдан құраған.  
Айдын көлге жүздірмекші ойында,  
Кірісті іске көңіліне ұнаған.  
«Кел ойнасаң, — дегендей-ақ, —  
менімен»,

Күміс қанат толқын жатты  
жалтылдап,

Қағаз қайық самал желдің лебімен,  
Қайта шетке шыға берді қалтылдап.  
«Қайық» суда жүзбесе де көсіле,  
Бөбек, бірақ, сулап алды аяғын.  
Әйтсе дағы, айдын көлдің төсіне,  
Қадап кетті ол сәбиліктің маяғын...

### СӘБИ ҚАДАМ

Бөбек бүгін бір жығылып, бір тұрып,  
Қанаттанған балапандай талпынды.  
Алаулаған алма беті құлпырып,  
Сәби жүрек тұңғыш рет алқынды.

Ол тағы да он жығылды, он тұрды,  
Анасы оның мүсіркеді жаны ашып.  
Сонда дағы алға қарай ұмтылды,

Сәби қадам болашаққа жол ашып.  
Қуаныштың көп қой құяр көңілге,  
Қандай ыстық өмір сенің босағаң.  
Бейбітшілік майданына, өмірге,  
Араласар дәл осылай жас адам.

*Е. Ебікенов.*



# АТОМ ТРАНСПОРТЫ

Ю. Моралевич.

## 1. АТОМОВОЗ.


... Солтүстік жақтағы шеткі қалалардың бірінің вокзалына қызыл сырмен сырланып, никелмен жалт-жұлт еткен, әдемі, сүйір локомотив келіп тоқтай қалды. Оның соңына тіркелген жүк вагондары бір километрге созылып жатыр. Ол вагондардың әрқайсысына тиелген жүк әдеттегі төрт дөңгелекті вагоннан бес есе артық. Ал, олардың артына тағы да бірнеше ұзын платформалар тіркелген. Бұлардың әрқайсысының жыйырма пар дөңгелегі бар. Бұл платформалардың үстінде қалада жаңа салынып жатқан заводқа арналған алып станоктар тұр.

Әрине, мұндай ұп-ұзын, ауыр составты поезде осы уақытқа дейін біздің ешқайсымыз көргеміз жоқ. Тіпті, қазіргі кездегі әбден жетілдірілген электровоздар мен тепловоздар да мұнша жүкті тасый алмайды.

... Біз алдағы күнге жаңа, керемет локомотивтер — атомовоздар жасалатын болашақ күнге көз жүгіртіп өттік. Ал, бұл күн алыс емес — совет ғалымдары мен инженерлері қазірдің өзінде атом локомотивінің бірнеше жобаларын жасап қойды.

Біздің ұланбайтақ елімізде тепловоздардың жемі — мұнай мен көмір өндірілмейтін, электровоздар үшін қажетті ток беретін ірі электр станциялары әлі де салынбаған аудандар аз емес. Мұндай аудандар үшін атомовоздардан артық ештеңе жоқ. Атомовоз атом «жанармайымен» (оның өзі де шамалы — тәулігіне жыйырма грамдай ғана) жабдықталады. Осының өзімен жыл бойы орасан зор жылдамдықпен ауыр составты поездарды алып жүреді, алыстағы қалалар мен жаңа құрылыстарға құрылыс материалдарын, заводтар үшін машиналар мен құрал-жабдықтар және басқа әртүрлі товарлар тасып жеткізеді.

Атомовоздың құрылысы қандай болады? Бұл да атом станциясы сыяқты, тек айырмашылығы дөңгелектерінің болуында ғана. Локомотивтің алдыңғы жағында атом реакторы орнатылады. Атом станциясында реактор қалыңдығы екі метрдей бетонды қабырғамен қоршалынады. Бұл қабырға уран атомдарының реакторде ыдырауынан болатын адамға хауіпті сәулелерді қорғап жі-



бермейді. Сондықтан бұл қабырғаны биологиялық қорған деп атайды.

Бірақ локомотивте мұндай қорғаныс қабырға жасау мүмкін емес. Өйткені, ол тым ауыр да қолайсыз келеді және бұлай еткенде локомотивтің енін тым үлкейте жасауға тура келер еді, ал оны үш метрден артық етуге болмайды. Сондықтан, атомовоз бригадасын сәулелерден қорғау үшін, реактор тас қабырғамен қоршалмайды, сәуле ұстайтын бірнеше қабат қорғасын және басқа әртүрлі материалдармен қоршалады.

Осындай қорғаны бар атомдық локомотивтің салмағы ірі паровоздан аз-ақ асады, бірақ оның есесіне атомовоздың күші паровоздан бес есе, ең тандаулы деген электровоздан үш есе артық болады.

Уран атомдары ядроларының ыдырауынан бөлінген жылу балқыған натрий металын қыздырып ол реактор каналдарына қарай ағады. Натрий одан ары жылу алмастырғыштың ішіне барып ондағы суды қатты қыздырады да өзі суып реакторға қайта айналып келеді. Бұдан өзіне жаңа жылу алады. Жылу алмастырғыштың ішіндегі жылыған су буға айналып ол орасан күшті жылдамдықпен бу турбинасын айналдырады. Өзінің қуатын тавысқан соң бу конденсатордың жіңішке трубасының ішінде суыйды да қайтадан суға айналады. Электр насосы бұл суды жылу алмастырғыштың ішіне қарай



қуады да, су реактор каналдарындағы натрийдан қайта жылу алады.

Бу турбинасы электр тогін өндіретін электр генераторын айналдырады. Ал, электр қуатын алған атомовоз сағатына жүз километрден астам жылдамдықпен зырлайды.

Атомовозды жүргізу қыйын емес. Машинистің жайлы кабинасына орнатылған көптеген аспаптардан басқа мұнда басты екі қолсап бар. Оның бірі трубаға берілетін бу мен реактор температурасын реттейді. Екіншісі локомотив пен барлық поезд вагондарының тормозын қыймылға келтіріп тұрады.

Атомовозда темір жол станциясымен байланысып отыру үшін, радиоприемник және радио хабар беруші аспаптар орнатылған. Сонымен бірге, телевизор да орнатылған, одан алдағы бір жарым километр жол көрініп отырады. Телевизор көзге көрінбейтін инфра қызыл сәулелер арқылы істегенмен ол сәулелер экранға түскенде көрінеді. Тіпті күзгі жауын-шашында немесе қараңғы тұман күндері де экраннан жол кәдімгі ашық күндегідей-ақ айқын көрініп отырады.

## 2. АТОМ ЛЕДОКОЛЫ

Біздің елімізде дүние жүзінде ең қуатты ледокол флоты бар. Бірақ, бұл флот тек қысқа мерзімдік поляр жазында ғана небары жылына екі-үш-ақ ай бойы жүзе алады. Тіпті жаздың нағыз жылы күндерінің өзінде солтүстік теңіздерде жүзу қауіпсіз болмайды. Егер аспаннан барлау жасап бақылап отырмаса қуатты ледоколыңыз мұз тұтқынына түсіп қалуы мүмкін. Поляр теңіздерінде біржылдық мұздардың қалыңдығы екі метрге барады, ал көп жыл бойы бұзылмай жатқан мұздардың қалыңдығы жыйырма метрге дейін жетеді. Мұндай қалың мұздардың арасына түскен ледокол сол бойы мачталарымен, трубаларымен батып кетеді.

Ледокол, әрине, көпжылдық мұздардың арасына қарай бармайды, оларды айналып жүреді. Бірақ та қалыңдығы екі метрлік мұзбен, мұз шоқыларымен арпалысудың өзі оңайға соқпайды.


Ледокол ірі мұхит транспорты боп саналатын бүтіндей бір флотилияны тіркеп алып жүреді. Ақ теңізден Тынық мұхитқа дейін бір жүріп өткенде ледокол мыңдаған тонна мұнай жағады. Тіпті, кейде ледоколдың мұзды жарып өте алмай арпалысқан кезінде өзінің

отын қорының бәрін тауысып алатын кезі де болуы мүмкін. Мұндай жағдайда оған мұнайды самолеттермен тасып жеткізуге тұрар келеді. Бұл қымбатқа да, қыйынға да түседі.

Бізде таяу жылдары жасалатын атом ледоколы ең қуатты ледоколдардан бірнеше есе күшті болады. Атом қуаты электр қуатына айналып атомоходтың ескіш винттері және насостар мен жүк крандарын, вентиляторларды қозғалысқа келтіріп тұратын басқа да ондаған моторларды айналдырып тұрады. Тіпті камбузда жем дайындайтын машиналардың өзі де осы электр қуатымен айналады. Каюталарды жылытып, қатқал мұздарды жібіту үшін атом ледоколына ыстық су да өте қажет болады. Атом ледоколының борттары мен палубасына қап-қалың боп мұздар қатып қалады. Ондай кезде жик-жиктерден ішінен қыздырса мұз жібіп түседі.

Біз атом ледоколында отырмыз дейік. Оның артқы жағына мұзды барлауға шыққан едәуір үлкен вертолет келіп қонды. Вертолет мұз алаңының ең шетіне дейін жететін ең қолайлы жол тауып берді. Енді ледокол осы жолмен шығысқа қарай жылдам тартып келеді. Оның сүйір болат тұмсығының астынан жан-жаққа мұз түйірлері ұшып жатыр.

Атом ледоколының жоғарғы қондырмасына көтеріліп көрейік. Оның алдыңғы жағында ең басты рубка бар, онда штурман мен екі инженер отырады. Ал, мынау корабль жүргізетін вахта. Вахтаның жүзгі тарту керемет көмекшілері — электр автоматтары бар... Олар құралдар арқылы көзге түспейтін кішкентай көмекшілерінің қала





жұмыс істеп келе жатқанын бақылайды. Автоматтар корабльді ғажап жылдам және тұра жүргізеді. Олар тіпті «Вахта журналын» үзбей жазып отырады. Теңізшілер мен ғылыми қызметкерлердің бүтін бір бригадасы ледоколда болып жатқанның бәрін бірдей автоматтардан жылдам жаза алмас еді. Ледокол мұздардың арасымен жылжып отырады, ал автоматтар мұзды мұхиттың тереңдігін үздіксіз өлшеп оны бірнеше секунд сайын дәл жазып отырады. Автоматтар көкжиекке көз жүгіртіп, алдағы алыста тұрған қалың тұманды, бұлт шөкімдері мен поляр дауылдарын көріп қояды. Автоматтық рульші ледоколды штурман көрсеткен бағытпен тұра жүргізеді.

Біз осылай рубканы және оның жабдықтарына қарап жүргенде мұз бұрынғысынан да қатайып кетіпті. Корабль жылдамдығының бәсеңдеп бара жатқаны айқын сезіліп тұр. Ол мұз шыңдарына қатты соғылып, кейкейде теңселіп кетеді.

Атом ледоколының мұздарды жарып өтіп су алаңына шығуға күші жетеді. Сонда да оның жолын кедергіден жеңілдетуге мүмкіндік бар. Ол үшін соңғы бірнеше жыл бойы жер астындағы тас көмір мен қатты темір рудаларының қабаттарын кесуге, гра-

нит құздарын бұзуға қолданылып келе жатқан күшті құралды пайдалануға болады.

Вахта штурманы басқару пультына қолын созып еді, ледоколдың тұмсық жағынан, кішкене зенит пушкалары сыяқтанған жіңішке екі ствол жылжып шыға келді. Корабльдің мұз жаруына олар жәрдемдесе алады деп сену де қыйын.

Кенет стволдардан екі ұзын хрусталь стержені атқыйды. Бұл орасан зор қысымнан атылған күшті су селі. Қатты да серпінді су корабльдің алдындағы қалың мұзға шапшыйды. Осындай су қабатының бойынан мықты емен таяқпен бар күшіңізбен сілтеп көріңізші. Су ағысы тіпті бүлк етпейді, ал таяқ ортасынан қақ бөлінеді.

Хрусталь «қанжарлар» мұз бен мұз шоқыларын тіліп, корабль өзінің қырлы бүйірлерімен мұз жарықшақтарын айдап мұз алаңының астына апарып тығады. Ледоколдың арт жағында кең жол ашылады. Сөйтіп керуендер көші өзінің қуатты жолбасшысы — атом ледоколының соңынан еркін еріп отырады.

Алдағы таяу жылдарда атом корабльдерін біздің бәріміз өз көзімізбен көретін боламыз.

## ЖАЙСАҢ ЖАЗ

Қалаға, қырға — Отанға,  
Жарқырап жайсаң жаз келді.  
Жөнелдік біздер сапарға,  
Көретін қызық аз ба енді?!

Өрмелеп тауға, көкке өрлеп,  
Шығамыз биік шыңдарға.  
Аралап белді көкпеңбек,  
Енеміз қалың нуларға.

Жанады костер, жанады,  
Көңілді кеште тоғайда.  
Жаңғыртып ән-күй даланы,  
Тарайды таңғы арайда.

Айдынды шуға толтырып,  
Жүземіз жайқын көлде біз.  
Тынығып шыйрап, тотығып,  
Мектепке күзде келеміз.

Малшының қонып қосына,  
Көп әңгіме тыңдаймыз.  
Тұра сап таңнан асыға,  
Жасаймыз жорық тынбай біз.

Қалаға қырға — Отанға,  
Жолдастар, жайсаң жаз келді.  
Жөнелдік жақсы сапарға  
Көретін қызық аз ба енді?!

*Ізтай Мәмбетов.*

## ӨТІРІКТІҢ ЗЫЯНЫ

Өз-өзінен ерігіп,  
Ен далада аулақта.  
Бір жас қойшы желігіп,  
Итін қосты қаңбаққа.  
Күнде құр бос айтақтан,  
Иті де әбден жалықты.

Еш пәле жоқ сай жақтан,  
Көңілі де қалыпты.  
Қойшы жүрді бір күні,  
Қойын жайып мың шақты.  
Естілді қой дүркірі,  
Қасқыр бұл жол шын шапты.

Қойшы сасып жүгіріп,  
Сарқасқаға қарады.  
Секті тартып үлгіріп,  
Қасқыр жортып барады.

*Ә. Тілеубеков.*





## РАЙХАН ТӨЛ КҮТЕДІ

**К**ешке қарай мектепке ата-аналар бірінен соң бірі ағылып келе бастады. Олар өз балаларын ертіп жыйналыс болатын бөлмеге келіп кірді. Хабарландырылған дәл мерзімде Қаганович атындағы жетіжылдық мектептің оқушыларының оқу үлгерімінің қорытындысын естіруге арналған жыйналыс басталып та кетті. Мектеп директоры Ә. Намазбаевтың оқу-тәрбие жұмысы туралы қысқаша баяндамасынан кейін-ақ әр кластың класс жетекшісі өз оқушыларының сабақ үлгеруі мен тәртібі туралы сөзге көшті. Бір кезде 5-класс оқушыларына да кезек келді. Оқытушы ең алдымен Райхан Жауынбаеваның есімін атады. «Барлық пәннен «5», тәртібі — өте жақсы». Неткен жылы хабар десеңізші! Осы бір сәтте жас ана Бисараның жанын қуаныштан гөрі мақтаныш сезімі билегендей болды. Райхан да екі беті албырап анасына қарайды, жанарында балаға тән мақтаныш бар. Бұл орынды мақтаныш еді.

Өйткені, Райхан 1-кластан бастап-ақ оқуды үздік оқыды. Быйыл қоғам жұмысына да белсене араласып жүр. Ол класта звено вожатыйы болып жұмыс істейді. Өз достарының да сабақты жақсы оқуына көмектеседі. Іске ұқыпты, сабаққа ынталы оқушысын мектеп оқытушылары да мақтан етеді. Ол мұндай абройға өзінің оқуға, еңбекке деген ынтасы арқылы жетті.

Міне, жарқын жаз келді. Райхан да, оның достары да 5-класты ойдағыдай бітіріп шықты.

Олар жазда қалаған жерлеріне барып демалады. Егер Райханнан «Сен демалуға қайда барасың?» — деп сұрасаң, «Жайлауға», — деп жауап береді. Себебі Райханның туыстары қой бағады. Олармен бірге жайлауға шығып жас төлдерді күтуге көмектесу Райханның әдетіне айналған. Міне, бұл да пионерлік іс.

Т. Мұратов

Еңбекшіқазақ ауданы,  
Алматы облысы.

## КӨРМЕДЕГІ ОРЫНДЫҚ

**Б**езлесное селосындағы мектептің алтыншы класында оқыйтын Сухомлинов Федя «шебер қолдар» үйірмесіне қатынасады. Алғашқыда оны пышақты немесе араны қалай ұстауды білмейтін. Үйірме жетекшісі келген күнен бастап Федяны шеберлікке үйрете бастады. Ол ағаш жонудың тәсілін үйренген соң пышаққа сап, онан әрі балтаға да сап жасайтын болды. Өсте-өсте Сухомлинов ағаштан әртүрлі бұйымдар істейтін болды. Оның қолынан шыққан бұйымдардың әдемілігі, беріктігі өзіне назар аударады.

Быйыл Совет ауданында балалар өнерінің көрмесі ұйымдастырылды. Міне, осы көрмеде Федя жасаған әдемі орындық қойылды. Сонымен бірге Федяның «Шебер қолдар» үйірмесінің жетекшісі де көп мақтайды.

В. Лизун

Солтүстік Қазақстан облысы

## ЕҢБЕККЕ ҮЙРЕТУ САБАҒЫНДА

**С**емедейдегі оныншы мектептің оқушылары соңғы жылдарға дейін еңбекке бір еңбекке баулу ісімен шұғылданмай келді. Оның себебі мектептің техникалық үйірмеге арналған бөлме жоқ еді. Сондықтан аспаптар қоятын орын болмады. Осы жағдайды ескеріп мектеп директоры быйыл № 7 байланысшылар училищесімен шарт жасасты. Шарт бойынша оныншы мектептің оқушылары еңбекке үйрету сабағын училище мастерскаясында өтетін болды.

Оқушыларды мастерская ішіндегі аспаптармен таныстырып шыққаннан кейін жетекші оқушыларды топ-топқа бөліп тәжірибелі жұмысына кірісті. Әрине бұл жолы талапты қызықтар да болды. Орашолақтар саусақтарын тетіктерге «тістеттіріп» те алды. Әрбір қызық, әрі пайдалы сабақтан балалар көңілді қайтты. Осының арқасында мектептің балалары быйыл еңбекке үйрету сабағына көп нәрселерге жаттықты.

Н. Балыкина





# Демалыс

## УАҚЫТЫНДА



### ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1956 жылғы 3-номеріндегі кроссвордтың «Ойласаң табасыңның» жауаптары.

#### «КРОССВОРД»

Көлденеңінен:

2. Жыр. 5. Сахалин. 8. Асқар. 9. Кубок. 13. Шоқан. 14. Жер. 15. Татар. 20. Мирон. 21. Суриков. 22. Қарға. 25. Қодас. 26. Бор. 27. Чехов. 30. Жылан. 31. Тибет. 33. Сицилия. 34. Тас.

Тігінен:

1. Қытай. 3. Сазан. 4. Тимур. 6. Аспан. 7. Боран. 10. Морозов. 11. Ревизор. 12. Саратов. 16. Рим. 17. Ауа. 18. Қол. 19. Аға. 23. Барыс. 24. Терек. 28. Памир. 29. Химия. 32. Бидай.

«Ойласаң табасыңның» шешуі: 17 Жауабын бірінші жібергендер:

Т. Қанатов (Талдықорған облысы), К. Жанайбеков (Қызылорда қаласы), Ш. Айтбаев (Қарағанды облысы), Т. Өмірәлиев (Жамбыл облысы), И. Бәбікенов (Павлодар қаласы), Ж. Адырбиев (Ақмола облысы), З. Бектұрова (Павлодар облысы).

### СОҚЫРТЕКЕ

Соқыртеке — колхоз балаларының сүйіп ойнайтын спорттық ұлт ойыны. Бұл ойынға 30—40 адам қатысады. Ойынды залда немесе ашық алаңда өткізуге болады.

Ойынға қатысушылардың бәрі бетін шеңбердің ішіне қаратып, алқақотан тұрады. Шеңбердің ішіне 3-4 ойнаушы шығады. Олардың бірінің көзі орамалмен таңылады да, ол соқыртеке деп аталады. Осыдан соң ойын басталады.

Ойын басталғаннан кейін көзі таңулы адам айналасындағы ой-




наушылардың бірін қолымен қармап, оның атын атайды. Егер ол қармаған адамның атын дұрыс атаса, онда қармалған адамның көзі таңылып «соқыртеке» болады да, қармаған адам оның орнына тұрып ойынға қатыса береді.

Ойын кезінде ойнаушылар дауыстап түрлі күлкілі сөздер айтуға рұқсағ. Алайда, ойнаушылардың ешқайсысының да «соқыртекеге»

қол тигізуге қақы жоқ. Тек шеңбердің ішінде тұрған 3-4 ойнаушының ғана «соқыртекеге» қол тигізуге қақы бар. Өйткені бұлардың міндеті «соқыртекені» алғастыру болып табылады.

Ойын неғұрлым шапшаң жүргізілсе, солғұрлым қызықты болады. Алаңда жүргізілетін бұл ойынның дене шынықтыруға көп пайдасы бар.

### ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЧАЙНВОРД



1. Советтік одақтас республиканың астанасы: 2. Солтүстіктегі арал. 3. Оралдағы қала. 4. Жерорта теңізіндегі арал. 5. Азия материгіндегі тау. 6. Испаниядағы өзен. 7. Батыр қала. 8. Құрылық. 9. РСФСР дағы қала. 10. АССР. 11. Азиядағы түбек. 12. АССР орталығы. 13. Советтік одақтас республиканың астанасы. 14. Азиядағы мемлекет астанасы. 15. СССР қаласы. 16. Өлке. 17. Германиядағы өзен. 18. Африкадағы өзен. 19. Европадағы қала. 20. Америкадағы өзен. 21. Енисейдің саласы. 22. Ленаның саласы. 23. СССР дьн үлкен қалаларының бірі. 24. Мемлекеттің астанасы. 25. Қыйыр шығыстағы портты қала. 26. Солтүстіктегі түбек. 27. Қыйыр шығыстағы өзен. 28. Халық-демократиялық республика. 29. Қытайдағы өзен. 30. Европадағы мемлекет. 31. Қырымдағы қала.

Құрастырған Ш. Құлынбетов.  
Қызылорда қаласы.



ПИОНЕР ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ



СССР



Қытай Халық Республикасы.



Поляк Халық Республикасы.



Чехословак Республикасы.



Корей Халықтық-Демо Республикасы.



Герман Демократиялық Республикасы.



Болгар Халық Республикасы.



Венгер Халық Республикасы.



Франция.



Румын Халық Республикасы.



Италия.



Бельгия.



Финляндия.